

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№5 | 2023

ZANMEDIA.KZ



**ЕҢБЕК
АДАМЫНА
ҚҰРМЕТ -
ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ**

3-БЕТ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№5 | 2023

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ — ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Т. Смағұлқызы

3

Ержан КЕНЕНБАЕВ, Жетісу облыстық сотының төрағасы:

«Дауды ашумен емес ақылмен реттеген дұрыс»

Н. Әлдібаев

9

Бала құқығы басты орында

Н. Нұрмаханбетов

14

Жазбаша іс жүргізудің артықшылықтары

Ж. Мухамедова

17

Атқарушылық жазба — борышты даусыз өндірудің тиімді әдісі

А. Каримов

19

Қасқырбек ҚАЛИЕВ, Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторы, дін әлеуметтанушысы:

«Ашық диалог жетістікке жол ашады»

Е. Ержанұлы

21

Заңы үстем елдің болашағы жарқын

С. Суханова

24

Құқық пен міндет қос ұғым

А. Берикбайқызы

26

ЖАСТАР ЖАЙЫ: Үміттен күдік басым

Ш. Жалғасбекұлы

28

Алаяқтар әлеуметтік желіде

А. Ахметова

31

Талап қоюдың талаптары мен ерекшеліктері

Е. Қалкен

35

Әділет органдары көрсететін қызметтер

Т. Берлібекова

38

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берілмейді

Д. Ералиев

40

Мемлекеттік қызметтерді алу процедурасындағы оң өзгерістер

А. Абиталипов

42

ЕҢБЕК АДАМЫНА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Бүгінде еңбек адамын құрметтеу ел саясатының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Мұндағы басты мақсат – өз кәсібін терең меңгеріп, табысын маңдай терімен тауып жүрген қарапайым азаматтарды елге таныстырып, олардың жарқын келбетін жасау, сол арқылы жалпы қоғамның адал еңбекке деген құрметін арттыру болып табылады.





Қарапайым еңбек адамдары қоғамымыздың барлық саласында еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жүр. Олардың арасында мұғалім де, дәрігер де, шопан да, жүргізуші де, заңгер де, актер де, т.б. бар. Біз осы ретте тәжірибелі заңгер, бүгінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының көмекшісі қызметін атқарып жүрген Әлия Сәруарова жайлы айтқымыз келіп отыр.

Әлия Сәруарқызы өз ісіне машықтанған, еңбегі өлшеусіз кәнігі маман. Оның заңгерлік жолы – ел тәуелсіздігімен құрдас, яғни, еңбекке араласқанына 36 жыл болса, заң, әділет жүйесінде талмай тер төгіп келе жатқанына биыл 32 жыл толады. Осы жыл-

дар ішінде ол жауапты салаларда жауапты қызметтер атқарып, әрқашан да абырой биігінен көрініп жүр.

Адамның адами болмысы мен асыл қасиеттері негізінен отбасында қалыптасатынын, сондай-ақ, әрбір текті ата-ананың артында салиқалы ұрпағы тұратынын дана халқымыз «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп, бір ауыз сөзбен түйіндеген. Әлия Сәруарқызының текті ата-анадан тәлім алғаны адал еңбегі мен адами қасиетінен байқалып тұрады.

Кеңес кезінде қызметте өсу, соған сай, жоғары мансапқа ие болу үшін мамандардан міндетті түрде тәжірибе талап етілетін. Осыған орай, жастар да жылдар бойы ең-

бектің әр сатысында шыңдалып жетілетін. Атақ-дәрежеге ерен еңбекпен ғана жететінін ескерсек, Әлия Сәруарова тәуелсіз елімізде осы талап үддесінен шығып, бүгінгі биігіне таза бейнетпен жеткен санаулы замандастарымыздың бірі.

бала күнгі арманы заңгерлік болатын. Сол арманның жетегімен жердің шалғайлығына қарамай, Талдықорған қаласына жол тартты. Талдықорған заң колледжіне бағын сынап, емтихандардан сүрінбей өтті. Колледжді үздік бітірген жас туған жеріне ора-

Шыңдалу жолында

Әлия Сәруарқызы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында орналасқан Озерное ауылында көп балалы отбасында туып-өсті. Кішкентайынан сүйектен түрлі мүсіндер мен картинкалар жасауға құмар болды. Осылайша бейнелеу өнеріне бейім талантты қыз Петропавл қаласында И.Даутов атындағы №5 орта кәсіптік-техникалық училищеге қабылданып, графикалық дизайнер мамандығы бойынша білім алды.

Алғашқы еңбек жолын мектептен бастаған жас маман осы облыстың Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс сегіз жылдық мектебінде тәрбиеші, кейіннен бастауыш сынып мұғалімі болды.

Бұдан кейін ол Петропавлдағы Қазан төңкерісі атындағы былғары зауытында графикалық дизайнер болып еңбек етті. Алайда, оның жүрек қалауы,



лып, Петропавлдың былғары зауытына заң кеңесшісі болып орналасты.

Өмірдің әртүрлі ағыстары адамды шыңдап, алға жетелей түсетіні бар емес пе? Әлия да сол заңдылыққа бағынып, білімін одан әрі жетілдіруді мақсат етті. Тәжірибе жинап, заңгерліктің қыр-сырына қаныққан соң Қарағанды мемлекеттік университеті жанындағы «Болашақ» Қарағанды заманауи білім беру институтына оқуға түсті.

Осылайша жоғары білім алып, өзінің еңбек жолындағы өсу сатысына қадам басқан Ә.Сәруарова әр жылдары «Мираж» ЖШС-да заң кеңесшісі, Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде жетекші консультант, бас маман, бұдан кейін елордаға ауысып, Аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің ұйымдастыру-құқықтық жұмыс, есеп және талдау бөлімінде бас маман қызметтерін атқарды.

Әлия Сәруарқызы қай мекемеде жұмыс істесе де өзінің терең білімі мен іскерлігін дәлелдей білді. Әріптестерінің арасында өз ісінің нағыз маманы атанған заңгерді жоғары деңгейлі жұмысқа шақырушылар да көбейді. Мамандығына адалдығы, жауапкершілігі мен тиянақтылығы, жан-жақты білім-білігі оның Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі аппаратының комитеттермен жұмыс бөліміне консультант болып келуіне жол ашты.

Еліміздің бас қаласында да заңгердің еңбегі еленіп, көп ұзамай ҚР Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті хатшылығының аға сарапшысы қызметіне шақырылды. Бұдан кейін аталған комитеттің қызметін қамтамасыз ету бөлімінде аға сарапшы, сарапшы болып ұзақ жылдар еңбек етті.

Әлия Сәруарқызы атақ-даңқ, мансап қуған адамдардың санатынан емес.

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деп хакім Абай айтқандай, ол әруақытта өзінің күш-қуаты мен маңдай теріне ғана сенді. Әлияны қоңыр төбел тірлікті қанағат тұтып, қарапайымдылықты өмірлік ұстанымына айналдырған қазақ қыздарының қатарынан деуге әбден болады.

«Еңбектің еленгені – бақыт» демекші, Әлия Сәруарқызы қызметінде жоғары марапаттарға да ие болды. Атап айтсақ, ол «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медальдерін алды. Бұған қоса Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының алғыс хаттарымен бірнеше мәрте марапатталды.

Еңбекқорлығымен ерекшеленген әулет

Алия отбасындағы тоғыз баланың ортаншысы. Сөзі дана, ісі ізгі әжесі Жанәпия қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанған, халқымыздың тағылымы мол әдет-ғұрпын ұлдары мен келіндерінің, немерелерінің бойына сіңірген кемел адам болған. Құдай қосқан қосағы Бірімжан 37 жасында өмірден озып, отбасының бар ауыртпалығы өзіне түссе де, ошағының отын өшірмей, қос ұлын жетілдірген ардақты ана.

Екі ұлының балаларын бір ата-анадан туғандай бауырмал етіп өсіруі, артында қалар ұрпағының береке-бірлігін нығайтудағы ең жарқын үлгісі. Бұл, әрине, көргені, көкірегіне түйгені көп, бір шаңырақтың ғана емес, бүтін бір әулеттің берекесін келтіріп, несібесін тасытқан Жанәпия сынды қазақ аналарына ғана тән қасиет.

Ал, асқар таудай әкесі Сәруар Бірімжанұлы ауыл шаруашылығы саласының маманы. Отан алдындағы азаматтық борышын Украин жерінде үш жыл өтеп келген соң, ұзақ жылдар колхоз, совхозда бригадир болды, одан кейін осы совхозды басқарды. Аталған саланың дамуына қосқан үлесі үшін партияға өтіп, көптеген медальдар мен марапаттарды иеленген еңбек ардагері.

Қазақ әйелінің ұлттық тәрбиесінің негізі – өзі көрінбей, іс-әрекеті арқылы ортаны, дастарқанын, бар шаруаны білек сыбана, үнсіз жайғауында жатыр десек, аяулы анасы Мәкен Оспанқызы қыздарына сондай тәрбиенің үлгісін көрсетті. Тұрмысқа шыққан



Әли мен Динара

соң ұстаздық жұмысын тастап, бар өмірін отбасының тірлігіне арнады, дүниеге тоғыз бала әкелді. Өкініштісі, Әлияның бес бауыры өмірден ерте озды.

Көп қиындықты басынан кешірген ата-анасы еңсесі түсіп езілмей, төтеннен келген қайғыға қарсы тұра білді. Олардың тіршіліктің бар тауқыметін қабырғасы қайыспай

көтере білгені, ұрпағы үшін жан аямай қызмет еткені, жұмыр басқа түскен қиындықты қасқайып тұрып қарсы алып, жеңе білгені кімге болса да сөзсіз өнеге.

Сәруар ақсақал да, Мәкен ана да ұл-қыздарын ұлттық рухта тәрбиелеп, оларды адал болуға, адамдық қасиеттерді бәрінен де жоғары қоюға, аянбай еңбек етуге үндеді. Барлығының оқуына жағдай жасады.

Әкесі өмірінің соңғы жылдарына дейін ағайын-туысқа, бала-шағасына ақылын айтып, олардың тілеуін тіледі. Бар күш-жігерін жинап, аталық ақ ниетпен немере, шөберелерін, жиендерін тәрбиелеп, өсіруге көмектесті. Еңбек деген тәрбиеден өткен бұл шаңырақтың балалары жастайынан өзгелерден еңбекқорлығымен ерекшеленді.

Әке тағылымын, асыл әже мен аяулы ана тәлімін бойына сіңіріп өскен Бірімжан ұрпағының болашаққа деген бағыт-бағдары бала кездерінен-ақ нық, мақсаттары айқын, мұраттарының биік болуы да заңдылық.

Бұл күнде «Ешкімге қиянат қылмаңдар, қолдарыңнан келгенінше жәрдемдесіп, бата алып жүріңдер. Батада киелі қасиет болады. Жақсылық көргің келсе, тек жақсылық жаса. Жақсылық та, жамандық та өзіңе қайтады, соны ұмытпаңдар» деп, ізгілік дәнін егіп отыратын әжесі де, ата-анасы да бақилық болған. Олардың әрбір ісінен үлгі-өнеге алып, әрбір сөзін көкейіне түйген Әлия жас та болса бас болып, әулетінің ұйытқысы әрі ақылшысы атанып отыр.

Көргенді ата-ана мен елдің құрметіне бөленген ақылман әжеден тәрбие алған Әлия Сәруарқызы «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» қағидасын нық ұстанды. Жанапиядай асыл әженің бауырында өскен Әлия қай жерде жүрсе де қатарының алды болды.

Ұрпақ жалғастығы

«Еңбегі ерге бергісіз» деген теңеу Әлия сынды еңбекқор, жұмыс десе жанып тұратын қаракөздердің ісіне қарап айтылғандай. Ол мектеп, колледж, институтта алғыр-

лығымен, жұмыста кәсіби шеберлігімен, туыстарының арасында бауырмалдығымен, достарының ортасында көпшілдігімен ілтипатқа бөленді. Айналасындағылармен әрқашан да жайма-шуақ, жайдары қарым-қатынасын бұзған емес.

Жақсы жігіт – ел-жұртының қаласындай, Жақсы әйел – әмме жұрттың анасындай.

Жақсыға ешкімнің де жаттығы жоқ,

Көреді бәрін де өз баласындай, – деп Сүйінбай ақын жырлағандай, Әлия Сәруарқызы ешкімді жатсынбайды, алыс-жақынның бәрін қасына жинап, қамқор болып жүреді.

Өзге ұлт өкілдері көп, қазақшылығы аз саналатын облыста туып-өссе де халқымыздың құнды салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына жетік. Екі тілді де сауатты меңгерді. Бұл әжесінің әрбір сөзін көңіліне тоқып, көргенін қағып алатын зеректігінің арқасы. Қонаққа үйдің төрін, астың дәмдісін ұсынып, әрқайсысының сыбағасын беру, жөн-жоралғысын жасау Әлияның қанына сіңген бұлжымас қасиеті.

Халқымыз «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғысы солай жүреді» дегенді бекер айтпаған сынды. Олай дейтініміз, бұл әулетті заңгерлер династиясы десе де болады. Әлияның әпкелері Ботагөз бен Баян да, сіңілісі Ардақ та, ұлы Әли де заңгер.

Ата-анасы өздерін адамгершілікке, тазалыққа, адалдыққа, азаматтыққа қалай тәрбиелесе, Әлия да ұлына сол тәрбиені берді. Бүгінде оның жемісін көріп отыр, Әли дінтану және заңгерлік мамандықтары бойынша екі жоғары оқу орнын бітіріп, жұмысын дөңгелентіп отыр. Бұған қоса ол заң факультетінің магистратурасында да білім алды.

Әңгіме соңында Әлия Сәруарқызы Әли баласының болашақ келіні Динарамен де танысып, ата-анасының алдынан өтіп, той қамымен жүргенін де қуана жеткізді.

Бірімжановтар ата-ана үмітін қаншалықты ақтаса, олардан тараған ұрпақ та өмірден өз орындарын тауып, сенімін ақтап жүр. Ұрпақ жалғастығының құндылығы да осында болса керек.

**Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
«Заң» журналы**

Ержан КЕНЕНБАЕВ, Жетісу облыстық сотының төрағасы:

«ДАУДЫ АШУМЕН ЕМЕС АҚЫЛМЕН РЕТТЕГЕН ДҰРЫС»

ӨМІРДЕРЕК

Ержан Әбдірақымұлы КЕНЕНБАЕВ, 1964 жылы 20 сәуірде Алматы облысында дүниеге келді. 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді. Сот жүйесіндегі алғашқы қызметін 2007 жылғы ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы лауазымынан бастады.

2014 жылдан 2022 жылдың қыркүйек айына дейін Алматы қалалық сотының судьясы лауазымын атқарды. ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №1009 Жарлығымен Жетісу облыстық сотының төрағасы лауазымына тағайындалып, қызметін адал атқарып келеді.



– Ержан Әбдірақымұлы, сіз төрағалық етіп отырған Жетісу облыстық соты – жаңа құрылған ұжымның бірі. Жаңа соттың жұмысы неден басталды?

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 9 тамыздағы № 973 Жарлығына сәйкес Жетісу облыстық соты құрылып, өз қызметін бастады. Ал 2022 жылғы 3 мамырдағы №887 Жарлығына сәйкес, қазіргі Жетісу облысына қарасты Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандары мен Талдықорған және Текелі қалалары Алматы облысының құрамынан бөлініп шықты.

Облыстардың бөлінуіне ең алдымен өңірдің инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс жағдайын көтеру түрткі болғаны анық. Сөз реті келгенде айтып өтсем, негізі инфрақұрылым латынша – төменгі деген ұғымды білдіреді. Ал аграрлы облыста ең төменгі жұмыс орны ауыл шаруашылығы саласына баса назар аудару керектігін аңғартады. Түгін тартсаң майы шыққан Жетісу жерінің төл дақылы қант қызылшасын талапқа сай өсіріп, өңірдегі екі зауытты қамтамасыз ету көп еңбекті қажет етеді. Саланы жандандыруға ауыл тұрғындары тартылса халықтың тұрмысы түзеліп қоймай, облыс экономикасын көтеруге де ықпал етері анық.

Жетісу облысы бөлінгеннен кейін аймаққа жаңа инвестиция тартылып, шалғай жатқан аудандарды дамытып, қалпына келтіру жоспарланған. Соған орай табиғатананың теңдессіз сыйы Алакөл мен Балқаш көлін заңнама шеңберінде тиімді пайдаланып, туризм саласын дамыту үшін инвестиция тартуға ұмтылсақ ұтарымыз көп. Алакөлдің кереметін ғылыми тұрғыда дәлелдей білсеңіз әлем саяхатшылары Жетісу жеріне ағылары анық. Туристер көбейген сайын тіршілік қайнай түсетіні тағы бар. Осылайша қызмет көрсетудің сан алуан түрі пайда болған сайын қаражаттың қайнар көзі ашыла береді. Бұл іс алға басу үшін тәртіп қажет. Талап – реттілік. Азаматтар өз қауіпсіздігіне сенгенде, өз құқығының тапталмайтынына көзі жеткенде кәсіп алға дамиды. Жетісу жері жандансын десек, қазақстандықтармен қатар шетелдіктердің де құқықтарын мінсіз қорғауға тиіспіз. Өйткені, біз Ата Заңымызда жазылғандай құқықтық мемлекет ретінде орнығып келе жатқан елміз. Осылайша Жетісу өңіріне тың серпін беріледі деген пікірдемін және де алдағы уақытта облысымыздың өркендейтініне кәміл сенемін.

– Облыстық сот құрамының ықшамдалуы сот жүйесінде тиімділікке, іс қарауда судьяларға түсетін салмақты жеңілдету секілді ерекшеліктерге жол ашты ма?

– Салыстырмалы түрде айтатын болсам, қазір Алматы облысында 1,5 млн-нан астам

тұрғын бар. Ал Жетісу облысында 700 мың адам тұрады. Яғни, Алматы облысының құрамына 9 аудан (380 елді мекен), бір қала, ал Жетісу облысына 8 аудан (352 елді мекен), екі қала кіреді. Өндірістің басым бөлігі Алматы облысының шекарасында қалған, Жетісу облысының жұрты көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысады. Осы статистикалық мәліметке қарап, сотқа келіп түсетін істердің де өндіріс, сауда, жер мәселесі тұрғысынан болатындығын, істердің басым бөлігі Алматы облыстық сотының қарауына тіркелетіндігін ашық айта аламыз.

Бірақ, Жетісу облыстық сотына түсетін істер де аз емес. Заман ағымына сай дау да біткен емес. Бүгінгі таңда елімізде жер дауы ерекше екпін алып келе жатқаны бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жүр. Мұндай дау біздің облыста да бар. Жер дауына байланысты азаматтық істерге талдау жасағанда ауыл адамдарының сенгіштігіне қайран қалатын кезіміз көп. Қарапайым ғана бір мысал, Кеңес өкіметі ыдырағанда фермалардан пай үлесіне тиген жылжитын, жылжымайтын мүліктерін жинап, заман талабына сай шаруа қожалығын құрған тұрғындар өз ортасынан бір адамды басшы ретінде сайлап, өздері күнделікті тіршілік қамымен жүре береді. Енді елдің малы өсіп, көбеюде. Сол малды жазда жаятын жайылым, қысқы азығын дайындайтын шабындық, егістік жер тапшылығы туғанда ауылдастар арасында жер дауы пайда болды. Арызданушылардың заңды білу, сыйлау, құрметтеуден тұратын құқықтық мәдениетінің тым төмен еместігі де талап арыздарында көрініп тұрады. Жауапкерлердің кейбірі, әсіресе, жастар жүздеген гектар жерді өздері игере алмай субарендаға беріп, қымбат көлік мініп, ірі қалаларды маңайлап жүреді. Мұндай дауларды судьяларымыз мұқият оқып, тыңғылықты дайындалып басы ашылмаған даулы жерге мұрагерлікті заңнама талабына сай рәсімдегенін, жылдар бойы алданып жүрген ауылдастары конституциялық құқығының бұзылғанын енді ғана біліп сотқа талап арыз түсіргенін, жалпы шаруа қожалығының төрағасы деген лауазымның хан тағы

емес, сайланбалы лауазым екенін ұғындырып, тараптарды медиациялық тәсілмен келісімге келтіруге мүмкіндік беріп жатады. Түсінген адамға бұл адамгершілік деген асыл қасиеттің бір тармағы. Қалай десек те біз бір елдің тұрғынымыз. Бүгін болмаса да ертең басымыз бір жерде тоқайласары хақ. Сонда бір-біріміздің жүзімізге ұялмай қарау үшін дауды ашумен емес, ақылмен реттеген дұрыс.

Елге белгілі Қорғас кеден бекеті Жетісу облысында орналасқан. Сондықтан Азия, Еуропа елдерінің бизнесмендері Қытайға біздің өңір арқылы қатынайды. Ал осы арада қандай да бір заң бұзушылық анықталып, сотқа түскенде шығарылатын шешім мен үкімге ерекше назар аударылады. Өйткені, өзге ел азаматтарының қазақстандық сотқа қатысты пікірі Жетісу облыстық сотының жұмысына қарап бағаланады. Бұл біздің судьяларға ерекше жауаптылық жүктейді. Саяси, құқықтық, экономикалық сауаттылық бар ісімізден көрініп тұруы керек. Біздің судьялар халықаралық нормаларды жақсы біліп, сақтауда да ерекшеленуі тиіс. Әрине, айтуға оңай. Бірақ сот беделі арқылы мемлекет беделін қалыптастыруға ықпал ететін істерге аса сақ қарау маңызды.

– Сот жұмысын жандандыруда нормативтік құқықтық актілердің маңызы қандай?

– Әуелгі кезекте нормативтік құқықтық акт туралы аз-кем түсінік берейін. Негізгі нормативтік құқықтық акт дегеніміз – референдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған құқықтық нормаларды белгілейтін, сол құжаттың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын жазбаша түрдегі ресми құжат болып табылады.

«Құқықтық актілер туралы» заңның 5-бабына сәйкес Конституциялық Соттың нормативтік қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына ғана негізделеді. Өзге нормативтік құқықтық актілер бұл құжатқа қайшы келмеуі керек. Сот талқылауының негізгі мәні болып табылатын қоғамдағы қарым-қатынас осы құжатқа сәйкес шығарылған нормативтік құқықтық

актілер бойынша қаралады. Нақтылай түсем, әр істің мәніне байланысты әртүрлі нормативтік құқықтық актілер қолданылады. Мысалға, неке бұзу жайлы азаматтық істе ел Конституциясы, Азаматтық кодекс, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс, Азаматтық процестік кодекс және істің мәніне қарай «Соттардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысы қолданылады. Осының өзі құқықтық мемлекетте адам тағдырына атүсті қарауға жол берілмейтінін көрсетеді.

– Қылмыстық істерді бөлуде тепе-теңдік сақтала ма?

– Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының істерді бөлу туралы қағидатына сәйкес тек қылмыстық істер ғана емес, барлық істер мен талаптар компьютерлік жүйе көмегімен әр судьяға автоматты түрде бөлінеді. Істер судьяларға мамандануына қарай, істердің санаттары, ауырлығы ескеріле отырып бөлінеді. Істерді тіркеп, іс бойынша мәліметтерді жадығаттарға енгізіп, автоматты түрде бөлінуін жүзеге асыратын арнайы маман бар. ҚР Жоғарғы Сотының істерді автоматты түрде бөлу қағидаттарын бұзу, істерді бөлуге араласу заң бойынша жауаптылыққа алып келеді.

– Судьяның ар-намысы, құқығы, жұмысына қатысты келеңсіздіктер жиі орын ала ма?

– Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданған Судьялық әдеп кодексінде әдеп нормаларын сақтау туралы судьялардың жүріс-тұрысының Бангалорлық қағидаттары мен қағидалары ескерілген. Бұл құжаттың 1-бабында «Судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс» деп нақты жазылған. Бұл заңнама талабы. Сондықтан зиялы қауым өкілі ретінде де судьяларымыз сабырлылық пен байсалдылықтың, ұстамдылықтың ерен үлгісін

көрсетумен ерекшеленгені абзал. Сот әділ төрелігімен мемлекет беделін көтеруге қызмет етуі керек. Жетісулық судьялардың бұл міндетті мінсіз сақтап жүргеніне, алдағы уақытта да сақтай беретініне кәміл сенемін.

Ал, судьялардың құқығы, тәуелсіздігі Ата Заңымызда және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында және өзге де заңдарда жазылған. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа билерге қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады.

– Таяуда Мемлекет басшысының Қылмыстық кодекстің жекелеген баптарына енгізілген өзгерістерге қол қойғаны мәлім. Бұл қандай өзгерістер?

– Мемлекет басшысы 17 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ, азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған заңның мақсаты – сот ісін жүргізу саласында адам құқығын қорғау болып табылады.

Бұл заң – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның азаптау мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ, сотталғандардың құқығын кеңейтіп, түрмедегі теріс субмәдениеттің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған жүйелі қадамның жалғасы. Атап айтқанда, құжатта мынадай нормалар қарастырылған:

– қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін жауапкершілік қарастырылады;

– азаптау үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту шаралары қатаңдатылады;

– заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін тергеу амалдары кезінде дыбыс және бейне таспалау жүйесін қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі.

Сонымен бірге, заң сотталған адамдарға бірқатар қосымша құқық береді:

– ауыр сырқатқа шалдыққан жағдайда оларға жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы беріледі, яғни, сотталған адамға медициналық мекемеде шұғыл ем алуға мүмкіндік туады;

– сотталған адамды ауыр дертке шалдығуына байланысты жазасын өтеуден босату туралы сот шешімі дереу орындалады (бұрын сотталғандар соттың шешімі заңдық күшіне енгеннен кейін ғана босатылатын);

– сотталған әйелдер мен олардың балалары арасындағы әлеуметтік байланысты сақтау үшін оларға өз балаларын колонияда қалдыруға рұқсат ету мерзімі 3 жылдан 4 жылға ұзартылды.

Бұрын сотталған адамдардың бірінші рет істі болған азаматтарға теріс ықпал етуіне жол бермеу үшін сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіндегі мекемелерге бөлу тәсілдері өзгереді. Енді бірінші рет сотталғандар бас бостандығынан айыру жазасын бұрын сотталғандардан бөлек жерде өтейді. Бұл заңға бағынушылық мінез-құлық қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, заңнамалық актілерге енгізілген бұл өзгерістер адам құқықтарын сақтауға берілетін кепілдіктерді арттырады. Сондай-ақ, қауіпсіздік шараларын күшейту, олардың түзелуіне және қоғамға бейімделуіне мүмкіндік жасау арқылы сотталған адамдардың түрмедегі жағдайын жақсарту-ды көздейді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы 27 наурызда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға да қол қойған болатын. Жаңа түзетулер негізінен судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға, олардың жұмыс сапасын арттыруға, Жоғары Сот Кеңесінің рөлін күшейтуге және оған Жоғарғы Сот функцияларының бір бөлігін беруге байланысты болып отыр.

Аталған заңға сәйкес енді құқық қорғау органдары судьяларға қысым көрсете алмайды. Судьяларға қатысты арнайы жедел-ізвестіру шаралары тек Бас прокурор-

дың санкциясымен ғана жүргізіледі. Мысалы, бұрын құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғамай-ақ кез келген судьяға қарсы арнайы жедел-ізвестіру шараларын жүргізе алатын. Бұл үшін облыс прокурорының санкциясы жеткілікті болатын. Сонымен қатар, аудандық соттың төрағаларын кадр резервиндегі және өз-өзін ұсынған азаматтардың арасынан сайлау тетігі енгізілді. Судьялар қауымдастығы кандидатты өзі ұсына алатын болады.

Бұдан басқа, қабылданған заңға сай, Сенат Жоғарғы Соттың судьяларын да баламалы негізде сайлайды. Сенатқа кемінде екі судьяның кандидатурасы ұсынылады. Қабылданған түзетулер Жоғары Сот Кеңесінің анық кадрлық функциялары бар толыққанды институт ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайтуға бағытталған. Осы заңнамалық өзгерістер Жоғары Сот Кеңесінің соңғы жылдары жүзеге асырып жатқан іс-шараларының жалғасы болып табылады. Заңнамалық түзетулермен Жоғары Сот Кеңесіне судьялыққа кандидаттарды даярлау, олардың біліктілігін арттыру, шекті жасты ұзарту, жұмыс істеп жүрген судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату сияқты бірқатар мәселелер беріледі. Атап айтқанда, 2024 жылғы 15 шілдеден бастап судьяларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру мәселелерімен айналысатын Сот төрелігі Академиясы Жоғары Сот Кеңесіне берілетін болады.

Сондай-ақ, судьяларға Жоғары Сот Кеңесіне:

- зейнеткерлік жасқа немесе шекті жасқа толғаннан кейін судья лауазымында болу мерзімін ұзарту;

- судьяның өкілеттігін тоқтату;

- сот қайта ұйымдастырылған немесе тартылған, тиісті сот судьяларының саны азайған, сондай-ақ, сот төрағаларының өкілеттік мерзімі өткен жағдайларда жол берілетін судьяларды конкурстан тыс тағайындау мәселелері бойынша тікелей жүгіну құқығы берілді.

Егер бұрын Жоғары Сот Кеңесі Жоғарғы Соттың ұсынуы бойынша жоғарыда аталған мәселелерді қараған болса, енді

қабылданған түзетулерге сәйкес судьялар өтінішпен тікелей Кеңеске жүгінуге құқылы. Бұдан басқа, Жоғары Сот Кеңесі төрағасының құзыретіне судьялардың өкілеттігін тоқтата тұру мәселелері берілді. Жоғарыда аталған рәсімдер судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктерін күшейтуге бағытталған.

– Кәмелетке толмаған ісі де қоғамның басты назарында. Заңнамаларға жасөспірімдер құқығын қорғауға қатысты да өзгеріс жасалғаны белгілі.

– Иә, Президент осы жылы 27 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына да қол қойды. Бұл заңның мақсаты – іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және сот жүйесін реформалау, оның ішінде ювеналды соттардың қызмет ауқымын кеңейту, апелляциялық сатының рөлін күшейту, өкілдердің іс жүргізу мәртебесін жетілдіру және әкімшілік органдар басшыларының жауапкершілігін күшейту болып табылады.

Соның ішінде, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретіне кәмелетке толмаған балалар болған кезде некені бұзу және мүлікті бөлу туралы азаматтық істер жүктеледі. Апелляциялық сатының рөлін күшейту бөлігінде іс жүргізу заңнамасы және сот жүйесін реформалау жетілдірілді. Бұл судьялық қателіктердің санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, азаматтар мен кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын тезірек қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Аталған заң соттардың қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді және судьялардың шын мәніндегі тәуелсіздігін одан әрі күшейтуді қамтамасыз етеді. Бұл заңда сот жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған өзге де түзетулер қарастырылған.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ ОРЫНДА



Қазақ халқы қашаннан әрбір шаңырақты мемлекеттің негізгі құраушы күші, түп қазығы ретінде бағалаған. Бұған бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесін ұлт болашағымен тығыз байланыстырып, отбасы бірлігіне айрықша көңіл бөлуі дәлел. Бұл заңдылық егемен елімізде де өз жалғасын табуда.

Нұрлан НҰРМАХАНБЕТОВ,
Алматы облысы кәмелетке
толмағандардың
істері жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

Жас ұрпақтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етіп, қорғау мемлекеттің ұлттық саясатының басым бағыттарының бірі десек, неке мен отбасының, ана мен әке және баланың мемлекеттің қорғауында болатыны, сондай-ақ, балаларына қамқорлық жасап, оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті екені Ата Заңмен бекітілген.

Елімізде балалар құқығын қорғайтын ар-

найы заң бар, сонымен қатар, Қазақстан балалар құқығына қатысты 15 халықаралық құжатты ратификациялады. Бұлардың ең бастылары ретінде Бала құқықтары туралы декларация мен Бала құқықтары туралы конвенцияны атауға болады. Аталған құжаттардың барлық бабы республикамыздың заңнамалық актілерімен жүзеге асырылады. Елімізде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы заңнамалар жылдан-жылға

жетілдіріліп жатыр. Мысалы, зорлық-зомбылық әрекеттерін жасағаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Балалар уәкілі институтының жұмысы жандандырылуда.

Бұларды айтып отырған себебіміз, шаңырақтың шайқалуы, яғни, ажырасу тек біздің елде емес барлық мемлекетте отбасы институтының ең өзекті мәселесі саналады. Өйткені, ата-ананың айырылысуы екі ортадағы балалар өміріне ауыр зардабын тигізеді. Өкінішке қарай, мұны ерлі-зайыптылар ескере бермейді.

Отбасындағы әр адам жеке тұлға болғандықтан, неке бұзуда олардың әрбірінің тағдырына айрықша назар аударылады. Отбасы мүшелерінің заңмен қорғалған тәуелсіздігі мен құқығына ешкімнің де қол сұғуға қақысы жоқ. Ажырасу кезінде шешілетін маңызды мәселелердің ең біріншісі және ең күрделісі баланың кіммен қалатынын анықтау барысында орын алады. Мысалы, әлем елдерінің басым көпшілігінде ажырасқан отбасы балаларының 90 пайызы анасымен бірге тұратынын ресми мәліметтер растайды. Тіпті, алпауыт ел Американың өзінде де солай, неке бұзылған жағдайда баланың анасымен қалу көрсеткіші жоғары.

Алдымен қазақстандық сот тәжірибесіне келсек, неке бұзу туралы талап арыздарда судья дауды жанұя мүшелерін моральдық күйзеліске түсірмей бітіру жолдарын жан-жақты қарастырады. Отбасылық дауларда іске психолог, адвокат, сондай-ақ, медиатор тартылады. Мәселен, судья баланың тұрғылықты жерін, жеке тұратын ата-ананың онымен кездесу тәртібін, күтіп-бағу бойынша алимент мөлшерін анықтау, мүлікті бөлуге қатысты дауларды қарауда тараптарға дауды бейбіт келісімге келу арқылы реттеу жолдарын бүге-шігесіне дейін түсіндіреді. Сондай-ақ, ол дауды мән-жайы бойынша шешіп қана қоймай, ерлі-зайыптыларды ортақ мәмілеге келтіру үшін барлық шараны қолданады. Яғни, мұндай істерде қазақстандық соттар екі жақты татуластыру ұстанымын берік ұстанады. Өйткені, баланың мүддесі мен қалауы әрқашан да алдыңғы орынға шығарылады.

Қазақстан Республикасының Неке және отбасы кодексімен ажырасу кезінде баланы өзіне қалдыруға әкеге де, шешеге де бірдей құқық берілген. Заң бойынша жасы 10-ға толған балалар ғана кіммен қалатынына өздері таңдау жасай алады. Бұл мәселе адами, заң тұрғысынан алғанда да ата-ананың келісімімен шешілуі тиіс. Өйткені, бала бөліп алатын мүлік емес.

Келісім болмаған кезде ата-аналардың арасындағы дау баланың мүдделерін негізге ала және оның пікірін ескере отырып, ата-аналардың талап етуі бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Бұл ретте сотта баланың ата-ананың әрқайсысына, аға-інілеріне және апа-сіңлілеріне үйірлігі, оның жасы, ата-аналардың адамгершілік және өзге де жеке қасиеттері, олардың әрқайсысының баламен арасындағы қарым-қатынасы, т.б. жіті ескеріледі. Баласынан бөлек тұратындардың ата-аналық құқықтарын жүзеге асыру нормалары Неке және отбасы кодексінің 73-бабымен нақтыланғанын айтып өткен артық болмас.

Жалпы алғанда, Қазақстан заңдарының да, Бала құқығы туралы конвенция мен декларацияның да талабы балалардың отбасында өмір сүруін, бақытты балалық шағын қамтамасыз ету құқығын сақтау болып табылады. Дейтұрғанмен, бұл жерде бір күрделі мәселе бар. Ол елімізде уақытша тұратын шетелдік азаматтармен отбасын құрған қазақстандықтар некесі бұзылған жағдайда баланың тұрғылықты жерін белгілеуде қиындықтар туып жатады.

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңға сәйкес, шетелдіктер қазақстандықтармен ел аумағында некелесуге және некесін бұзуға құқылы. Сонымен қатар, олар өздерінің некелік және жанұялық қарым-қатынастағы құқықтары мен міндеттерін Қазақстан заңдарына және халықаралық келісімшарттарға сәйкес атқаруы керек. Заң ажырасқан ата-аналарға баланы тең түрде тәрбиелеуді



міндеттейді. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша Қазақстан Республикасы соттарының құзыреті Азаматтық процестік кодекстің 57-тарауымен реттелген. Бұдан әрі нақтыласақ, соттар шетелдік жауапкер-ұйым ел аумағында орналасқан немесе жауапкер-азаматтың тұрғылықты жері, сондай-ақ, алименттер өндіріп алу және әке болуды анықтауда талап қоюшының, ерлі-зайыптылардың екеуінің де тұрғылықты жері болған жағдайға қатысты істерді қарайды. Бұл санатқа ел азаматтарының шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен некесін бұзу туралы істер де кіреді.

Тәжірибеден бір мысал келтірер болсам, өзбекстандық азаматтан туған баласының тұрғылықты жерін анасымен белгілеу туралы талап қойылды. Құжаттарды зерттеу барысында талап арыз Азаматтық процестік кодекстің 152, 268-269, 466-467 баптарының негізінде қайтарылды. Себебі, бұл іс жауапкердің Қазақстанда тұрақты тұрмауына байланысты өзінің заңдық сипаты жағынан АПК-нің 467-бабымен белгіленген айрықша құзыреттілікке жатады. Әрі бала құқығы туралы конвенция-

да ерекше бір жағдайларды қоспағанда, ата-анасы әртүрлі мемлекеттерде өмір сүріп жатқан баланың тұрақты негізде ата-анасының екеуімен де жеке қарым-қатынастар және тікелей байланыстар орнатуға құқылы екені нақтыланған.

Сондықтан, шетелдіктермен отбасын құрмас бұрын азаматтарға осындай жұп жасасудың ықтимал құқықтық және әлеуметтік салдары туралы хабардар болған артықтық етпейді. Ол елдің азаматтық және отбасылық құқықтың ерекшеліктеріне, ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттеріне, оның ішінде ортақ балаларға қатысты нормаларға ерекше көңіл аударғанның пайдасы зор.

Конвенцияда елдің заңы балалардың құқықтарын жақсырақ қорғайтын болса, онда сол елдің заңы бірінші кезекте қолданылуы қажеттігі айқындалған. Осыны негізге алып, бала құқығын қорғауда шетелдіктермен некеге тұрған азаматтардан туылатын балалардың тұрғылықты жерін анықтауға байланысты заң нормаларында нақтылық қажеттігін өмірдің өзі талап етіп отыр.

ЖАЗБАША ІС ЖҮРГІЗУДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс талаптары тараптар арасындағы теңсіздікке жол бермейтіндіктен, азаматтар құқығын мемлекеттік басқарудың заңсыз әрекеттері мен әрекетсіздігінен қорғаудың кепіліне айналды. Бүгінде әкімшілік соттардың жұмысы бір жүйеге түсіп, сот тәжірибесі қалыптасып үлгерді деуге толық негіз бар. Өйткені, әкімшілік әділеттің оң тұстары мен тиімді жақтары халыққа пайдасын тигізуде.

Оқырмандарға заңды түсіндіру мақсатында осы кодекстің 23-тарауымен белгіленген жазбаша іс жүргізу нормаларын айтып өтуді жөн санап отырмыз. Жалпы алғанда, әкімшілік істерде сот өндірісі ауызша және жазбаша тәртіпте жүргізіледі. Жазбаша іс жүргізуде оның күрделілігіне қарамастан кез келген істі қарау мүмкіндігі бар. Ауызша іс жүргізу мен жазбаша іс жүргізудің айырмашылығы неде десек, аталған заңмен айқындалғандай, ауызша іс жүргізуде сот отырысы тағайындалып, оған іске қатысы бар азаматтар шақырылады. Ал, жазбаша іс жүргізуде мұндай талап жоқ, яғни, ауызша



**Жазира МУХАМЕДОВА,
Маңғыстау облыстық
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы**

талқылауды жүргізу міндетті емес. Ең бастысы жазбаша іс жүргізу тараптардың келісімі болғанда да жүзеге асырылады. Бұл жерде олардың пікірі аса маңызды саналады.

Жазбаша іс жүргізу мен ауызша іс жүр-

гізудің қаралу мерзімі бірдей. Бұдан әрі нақтыласақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 148-бабы бойынша сот тараптардың келісімімен әкімшілік істі жазбаша талқылауда ақылға қонымды мерзімді белгілейді. Алайда, бұл мерзім талап қойылған күнді қосып есептегенде үш айдан аспайды. Іс осы уақыт аралығында қаралып бітуі керек.

Іс аса күрделі болған жағдайда белгіленген мерзім соттың уәжді ұйғарымымен үш айға дейін ұзартылады. Айтып өтерлігі, сот талқылауының мерзімін ұзарту туралы ұйғарымға прокурор арнайы өтінішхатпен шағым жасай алмайды. Сондай-ақ, мұндай ұйғарым қайта қаралмайды.

Жазбаша іс жүргізуде тараптың өтінішімен немесе соттың бастамасымен ауызша талқылауға көшуге болады. Мысалы, екі тараптың бірі бұрын келіскенімен, кейіннен ойланып, келісімін қайтарып алу туралы өтінішхат беруі мүмкін. Мұндай кезде заңға сай, сот істі ауызша талқылайды. Судья ауызша талқылауға әкімшілік істің дұрыс шешілуін қамтамасыз ету мақсатында көше алады.

Ауызша сот талқылауы кезінде тараптардың және әкімшілік процестің басқа да қатысушыларының түсініктемелері тыңдалып, куәлар мен сарапшылардың айғақтары зерттеледі. Бұған қоса заттай дәлелдемелер қаралып-тексеріледі. Судья жазбаша дәлелдемелер мен өзге де құжаттарды зерделеп, оларды зерттеу бағытындағы басқа да әрекеттерді жасайды. Ауызша сот отырысында сот қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жазбаша түрде ұсынуды талап етуге құқылы.

Қажетті ауызша сот талқылауын аяқтағаннан кейін судья жазбаша іс жүргізуді одан әрі жүргізе береді. Яғни, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 149-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей, қажетті ауызша сот талқылауы өткізілген соң жазбаша

іс жүргізу қосымша ұйғарымдар шығарылмастан одан әрі жалғасады. Заңмен берілген осы мүмкіндік ең алдымен істің сапалы қаралып, даудың әділ шешілуіне жол ашады.

Іс жазбаша талқылау тәртібімен қаралған кезде сот тараптар ұсынған және өзі талап еткен дәлелдемелерді зерттеп, шешімді солардың негізінде қабылдайды. Сондай-ақ, өтінішхаттар мен құжаттарды ұсынуға тараптарға қосымша уақыт беріледі.

Дәлелдемелерді зерттеуде жазбаша іс жүргізудің сипаты, өзге де ерекшеліктері ескеріледі. Жазбаша іс жүргізуде тараптар дәлелдеменің қатыстылығы мен жарамдылығына және анықтығына дау айтуға құқылы. Бірақ, мұндай құқыққа жазбаша дәлелдемені ұсынған адамдар ие емес.

Жазбаша талқылау барысында әкімшілік істің тез шешілуіне ықпал ететін болса судьяның Азаматтық процестік кодекстің қағидаларынан ауытқу мүмкіндігі заңмен қарастырылған. Себебі, бұл норма соттың ауызша талқылауда көзделген дәлелдемелерді жинап, жіті зерттеуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, жеке процестік әрекетті жасау немесе процестік мәселені шешуде ауызша сот отырысының тағайындалуы өз кезегінде азаматтардың әуре-сарсаңға түсуінің алдын алады.

Тараптар жазбаша іс жүргізу тәртібімен қаралған әкімшілік іс бойынша қабылданған шешімге апелляциялық және кассациялық тәртіптермен шағым жасауға құқылы.

Әкімшілік іс барысында алдын ала тыңдау өткізіледі. Онда тараптарға істі жазбаша жүргізу тәртібімен қараудың артықшылықтары түсіндіріледі. Осылайша істі жазбаша тәртіпте қарау мәселесі сот отырысы тағайындалмай тұрып шешіледі. Жалпы, жазбаша іс жүргізудің басты артықшылығы тиімділігінде. Себебі, іс жедел қаралады, осы арқылы тараптар мен соттың уақыты үнемделеді.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБА — БОРЫШТЫ ДАУСЫЗ ӨНДІРУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Нотариустың атқарушылық жазбасы жыл өткен сайын танымал болып келеді. Дауды соттан тыс тәртіппен шешу барған сайын маңызды бола түсуде. Сондай дауды шешудің тәсілі нотариустың атқарушылық жазбасы болып табылады.

Нотариустың атқарушылық жазба жасауының жағдайы мен тәртібі «Нотариат туралы» заңның 14-1-тарауымен және Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 бұйрығымен бекітілген «Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасау туралы» ережесінің 25-тарауымен қамтамасыз етіледі.

Атқарушылық жазба дегеніміз борышкердің кредитордың (талап қоюшы) пайдасына даусыз талаптары мен міндеттері бойынша нотариустың бұйрығы. Нотариустың атқарушылық жазбасының атқарушылық құжат ретінде күші бар. Атқарушылық жазба екі жағдай міндетті сақталғанда жасалады: бірінші, егер ұсынылған құжаттар берешектің немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігінің даусыз екенін растаса және екінші, егер талап қою (арыз) құқығы туындаған күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт өтсе. Егер атқарушылық жазба берілетін талап үшін Қазақстан заңнамасында өзге ескіру мерзімі белгіленсе, атқарушылық жазба осы мерзім шегінде беріледі.



**Асулан КАРИМОВ,
Атырау облысының Әділет
департаменті басшысы**

Бүгінгі таңда нотариусқа сотқа дейін жүгінбесе, соттар көбінесе талап арызды қабылдамайды. Нотариустың атқарушылық жазбасы коллекторлар, ломбардтар және микроқаржы ұйымдары қызметкерлері арасында өте танымал. Олар борышкерлердің берешегін өндіріп алу үшін нотариустарға жүгінеді. Мысалы, борышкерден ақша сомасын өндіріп алу немесе мүлікті талап ету үшін нотариус берешекті белгілейтін құжаттарда атқарушылық жазбалар жасайды.

Атқарушылық жазбаны пайдалану сот

ісін жүргізудегі жүктемені азайтады және борышкерлерден берешекті өндіріп алу немесе толық қайтару процесін жеңілдетеді. Нотариустардың атқарушылық жазбасы атқарушылық құжаттың күшіне ие және даусыз сипаттағы талаптардың тез және тиімді шешілуін қамтамасыз етуге қабілетті маңызды құқықтық құрал.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 9-бабы 1-тармағының 11-1) тармақшасына сәйкес атқарушылық жазба атқарушылық құжат болып табылады. Атқарушылық жазба, егер заңда өзгеше мерзім белгіленбесе, жасалған күннен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін. Атқарушылық жазбаны ұсыну үшін өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру Азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Атқарушылық жазба жасалғаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей құжаттың көшірмесін борышкерге электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе борышкердің белгілі тұрғылықты (орналасқан) немесе тіркелген жері бойынша табыс етеді. Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде нотариусқа төленген сома қайтарылмайды. Нотариус мәлімделген талапқа қарсылық алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады. Бұл қаулы дау айтуға жатпайды. Атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулының көшірмесі шығарылғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей «Нотариат туралы» заңның 92-6-бабына сәйкес өндіріп алушыға, борышкерге тапсырылуға тиіс. Егер нотариустың қаулысымен жасалған атқарушылық жазба борышкердің қарсылығы бойынша күші жойылмаса, оған дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 125-бабына сәйкес, борышкер атқарушылық құжатты орындамағаны үшін әкімшілік не қылмыстық жауапқа тартылуы мүмкін. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 669-бабына сай атқарушылық құжатты орындамағаны үшін: жеке тұлғалар – 5 АЕК немесе 5 тәулікке дейінгі

мерзімге қамауға алу; лауазымды адамдар, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылар, адвокаттар – 20 АЕК немесе 5 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу; шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30 АЕК; орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40 АЕК; ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 50 АЕК қарастырылған. Осыдан көріп отырғанымыздай, нотариустың атқарушылық жазбасы нотариаттық іс-әрекеттің жаңа түрі ретінде, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған іс-әрекеттердің тәртібін жеңілдететінін атап өтуге болады.

Атырау облысы бойынша 118 нотариус қызмет атқарады. 2022 жылы 22 898 атқарушылық жазба жасалып, 1 азаматтың атқарушылық жазбаға қатысты түсінік сұрату арызына құқықтық негізде түсінік берілсе, 1 арыз және 2 жеке нотариусқа қатысты облыстық прокуратураның заң бұзушылықты жою туралы ұсынысы департаментте қаралды. Арыздағы мән-жайлар өз дәлелін тауып Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімімен 3 жеке нотариусқа тәртіптік шара қабылданды.

Нотариаттық іс-әрекеттер тәжірибесін талдау көрсеткендей, көбіне азаматтар кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі міндетті шығыстарға қатысудан жалтарған үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы нотариустың атқару құжатының күшін жоюға қарсылық білдіреді. Осыған байланысты «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңның 50-бабына сәйкес, пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесі өзіне тиесілі пәтерді, тұрғын емес үй-жайды, сондай-ақ, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау ауыртпалығын көтереді.

Нотариустың атқарушылық жазбасы бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, жеке және заңды тұлғалар Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі 16а мекенжайында орналасқан Атырау облысының Әділет департаментіне (телефон 357537, 357538) немесе Вокзал маңы 5 мөлтек ауданы 17 үй мекенжайында орналасқан Облыстың нотариалдық палатасына (телефон 305790, 305799) жүгінуіне болады.

Қасқырбек ҚАЛИЕВ,

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
PhD докторы, дін әлеуметтанушысы:

«АШЫҚ ДИАЛОГ ЖЕТІСТІККЕ ЖОЛ АШАДЫ»



– Өркениеттер үндестігін орнатуда, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының рөлі қандай?

– Дін басшылары өз жамағатын, дін ұстанушыларын дұрыс тәрбиелеп, дұрыс бағыт берсе, барлық қоғамды тәрбиелеуге болады. Себебі, діндарлардың бағынатыны – діни көшбасшылар. Олардың рөлі өте жоғары. Әлемдегі бейбітшілікті сақтау бүгінде өте күрделі мәселеге айналды. Әсіресе, соғыс, қақтығыстың көбеюі, таяу шығыста болып жатқан оқиғалар кімді болсын алаңдатады. Сондықтан дін көшбасшыларын бір жерге жинау жалпы мұсылман, христиан, буддистердің ғана мәселесін емес, бүкіл адамзаттың мәселесін қозғауда өте өзекті. VII съезде жүзге жуық мемлекеттен қонақ келген екен. Бұл Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезі маңызының артқанын көрсетіп отыр.

Қай дінді алсақ та тірі жанға қиянат жа-самауға үйретеді. Буддизмді алыңыз, монах-тар жәндіктердің өзін өлтіріп алмау үшін жалаң аяқ жүреді. Исламда бір адамды өл-тіру – бүкіл адамзатты өлтірумен тең. Хрис-тиан дінінде бір бетіңнен біреу ұрса, екінші бетіңді тос, яғни ол адамға өшпенділік та-нытып, агрессияңды көрсетудің қажеті жоқ дейді. Діндер тыныштыққа, бейбітшілікке насихаттайды. Бірақ қазіргі қоғамда дінді түсінбейтін, қате түсінетін топтардың пай-да болуынан түрлі мәселелер болып жатыр. Дегенмен, дін басшыларының қоғамда ала-тын орны да, қақтығыстарды шешудегі рөлі де өте жоғары. Сол үшін көшбасшылардың осы мәселелерді шешуге атсалысуының аса бір маңызы бар деп есептеймін.

– Осы уақытқа дейін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының 7 съезі өтті. Онда айтылған салмақты ой, салиқалы пікірлердің нәтижесі бар ма?

– Дін көшбасшылары жиналған жиында көптеген мәселелер қарастырылды. Соның ішінде діни бостандық мәселесі бар. Кейбір мемлекеттерде бірнеше дінге сенім бостан-дығын беру мәселесі мен әйел құқығы қарас-тырылды. Одан бөлек пандемиядан кейін адамзаттың біраз депрессия, стресс алғаны байқалады. Себебі, пандемияда көптеген адам жақынынан айырылды. Сондықтан VII съездің тақырыбы да пандемиядан кейінгі рухани күйзеліс мәселесіне арналды. Бұдан бөлек гуманизм мәселесі бар. Барлық дін-нің мақсаты – адамды құрметтеу, сүйіспен-шілікке тәрбиелеу. Сол себепті әйел затына маңызды рөл беретіндігін, әйелдің құқығы тапталған кезде ешқандай діннің қарап жатпайтындығы туралы көптеген мәлімет-тер берілді. Түрлі дін өкілі ғана емес, түр-лі ұлт өкілі келгендіктен олардың ұлтын-да, дәстүрінде әйел затына қаншалықты орын беретіні, қандай мәртебе беретіндігі де қозғалды.

Қазір жаһандану дәуірінде өмір сүріп жа-тырмыз. Тек ақпараттың тарауы емес, сон-дай-ақ, діннің де тез тарауы және діни плю-реализмнің болуы бұл жерде өте өзекті. Бұл дегеніміз діннің әралуандығы. Қазақстан

жерінде бірнеше діннің болуы, олардың тату өмір сүруі елдегі саясатпен байланысты.

– Съездің әлемдегі діни қақтығыс-тардың алдын алып, оны өркениетті жолмен шешудегі рөлін қалай күшей-туге болады?

– Қазір Қазақстанның өзінде заңды тір-келген 18 конфессия бар. Елде 100-ден астам диаспора өмір сүреді. Олардың да діні әртүр-лі. Сондықтан олардың арасында қақтығыс болдырмау өте маңызды. Әрине, бізде бұған дейін ешқандай қақтығыс болған жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ қақтығысты қарумен немесе жұдырықпен шешпей, бейбіт жол-мен шешу маңызды. Ал туындаған мәселені бейбіт жолмен шешу үшін дін өкілдеріне бір алаң қажет. Қазіргі таңда Қазақстандағы дәстүрлі және әлемдік діндер көшбасшы-лары съезі осы алаңға айналып отыр. Бір-неше діннің көшбасшыларының басын бір жерге жиыстырып, әлемдік мәселелерді кө-теру өте үлкен жетістік. Сол себепті съездің рөлі уақыт өткен сайын күшеюде. Ол қаты-сушы елдердің санынан да көрініп отыр. Бұл шараның әлемдік аренада Қазақстан-ның имиджін көтеруге де үлкен ықпалы бар. Екіншіден, Қазақстан бейбітшілікті, то-леранттылықты, бір-бірінің дінін құрмет-теуге шақырады. Сол себептен бұл съездің рөлі уақыт келе артады деген ойдамын. Оны қалай күшейтуге болады? Әрине, бұқара-лық ақпарат құралдары арқылы шет елдер-де бұл съезд жан-жақты насихатталуы қа-жет. Деректі фильмдер түсірілу керек. Қазір жалпы әлемде медианың рөлі басым. Съезд болған кезде көптеген медиалар келді. Рим папасын ғана емес, басқа да көшбасшылар-ды, тіпті президенттерді де шақыруға бола-ды. Себебі, кейбір мемлекеттердің дінбас-шылары сол мемлекеттің Президенті болып саналады. Оны теократиялық мемлекеттер деп атайды. Мысалы, Ватикан – кішкентай мемлекет. Оның басшысы ба, дінбасшысы да – Рим папасы.

– Соңғы кезде өзін тәңірші, атеист санайтындардың ислам дінін негізсіз айыптауы көбейіп барады. Ұлттық мә-

дени құндылықтар сияқты, діни құндылықтарды да қорғап, миллиондаған адамның діни сеніміне күдік келтірген жандардың жауаптылығын қалай көтерген жөн?

– «Діни қызмет және діни бірлестіктер» заңы бойынша Қазақстан Республикасында әр адам дін ұстануға немесе ұстанбауға құқылы. Және біреуді сеніміне байланысты төмендету, оның сеніміне нұқсан келтіретін заттарды айту заңға қайшы. Бізде белгілі бір дінді ұстанса да, ұстанбаса да, тіпті атеистің де құқығы қорғалған. Олардың арасында діни алауыздық тудыру мәселесі де заңда қарастырылады. Сондықтан заңсыз әрекеті дәлелденсе адамдарды жауапқа тартуға болады. Өкінішке қарай, біздің заңның да жетілдірілетін тұстары бар. Ол – интернет миссонерлігі, ғаламтордағы өзге де мәселелер. Қазір әлеуметтік желінің дамыған заманы. Сіз айтқан айыптаулар көбінесе әлеуметтік желіде боп жатады. Көбінің аты-жөні белгісіз және бірнеше жазба қалдырады. Оны өшіргенмен, тоқтату мүмкін емес. Сол себепті жауаптылыққа қатысты мәселе әзірге бірізділікке салынбай тұр. Жекелей қорлау, біреудің діни сеніміне күдікпен қарау, тағы басқа нәрселер дәлелденсе, оларға алдымен айыппұл салынып, қайталанса жауапқа тартылады.

Қазір сондай-ақ, тәңіршілерге байланысты да көптеген мәселе қозғалып жатыр. Бұл да зерттеуді талап етеді. Оның саяси астары да болуы мүмкін. Тәңіршілдік сенім ғой. Тіпті, оны дін деп айтуға да болмайтын шығар. Сол себепті, қазақ тәңіршіл болған деп 100 пайыз айта алмаймыз. Түркі тілдес тайпалардың тәңіршілік сенімде болғаны ғана анық. Қазақ ұлт болып қалыптасқалы бері ислам дінін ұстанып келе жатыр. Осыны түсінетін уақыт келген сияқты. Ол қазақ ұлты қалыптаспай тұрып болған сенім. Иә, біздің дәстүрімізде тәңіршілдіктің кейбір қалдығы бар. Оған Шоқан Уәлиханов та біраз зерттеу жасады. Исламға қайшы келмейтіндері дәстүрімізде қазірге дейін жалғасып келе жатыр. Исламға қайшы келетіннің бәрі ұмытылып қалды. Тәңіршілдікке байланысты ғылымда деректер де өте аз. Бұл сенімнің кітабы жоқ. Құлшылық жасау рәсімі, ритуалы жоқ. Сол үшін кейбір кісілер тәңіршілдікті қолдан жасағысы келеді. Бұлардың мақсаты қандай? Олар біздің дін арасында алауыздық тудырып, қазақтың рухани мәдениетіне нұқсан келтіретін қылықтар жасайтын болса, әрине, ол мемлекет тарапынан өз жазасын алады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ

ЗАҢЫ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН



Республикамыздағы әрбір құқықтық реформа зайырлы мемлекет қалыптастыру бағытында жүзеге асырылады. Осыған сай, азаматтар тең жағдайда өмір сүруге, білікті заң көмегін алуға, ар-ождан бостандығына, сайлауға, сайлануға, мемлекеттік қызметке кіруге, кәсіп түрін өз еркімен таңдап,

соған сай еңбек етуге, ол үшін сыйақы алуға, елден тыс жерлерге кетуге және еш кедергісіз қайтып келуге, т.б. әрекеттерді жасауға құқылы. Сонымен қатар, заңды түрде алған мүлкін жеке меншігінде ұстау, мұрагерлік, отбасын құру сынды адам баласына тән бүкіл құқықтарға ие. Тегіне, әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, т.б. қарамастан заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

Білікті заң көмегін алуға елімізде Конституциямен кепілдік берілген. Ата Заңмен кепілдендірілген құқықтарды толыққанды пайдалану, түрлі заңсыздықтың алдын алу, одан қорғану адам баласына құқықтық білім-білігін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Бүгінгідей ақпараттық технологиялар ғарыштық жылдамдықпен дамыған

заманда бұған толықтай мүмкіндік бар. Бұл үшін, әрине, қоғам, ондағы БАҚ-тар, заңгерлер, т.б. тарапынан көмек болуы, яғни, жаңадан қабылданған, өзгертіліп, толықтырылған заңдар халыққа үздіксіз насихатталуы керек.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет құру ел саясатының басым бағыттарының бірі

болғандықтан, соттар жұмысы халықтық сипатқа ие. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғап, қалпына келтіруде Қазақстан заңдары әлемдік стандарттарға сай дамып жатыр. Ал, оларды жұртшылыққа түсіндіру біздің басты міндеттеріміздің бірі.

Жоғарыда айтқанымыздай, елімізде заңнамаларда көзделген жағдайларда құқықтық түсіндірулер тегін көрсетіліп, әлеуметтік жағынан әлсіз топтар ақысыз қорғалады. Осы ретте айтар болсақ, заң көмегін тегін көрсету нормалары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі мен, Қазақстан Республикасының Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңында айқындалған.

Азаматтық процестік кодекстің 112-бабына сай, соттар асыраушысының қайтыс болуы, жұмыс бабында мертігу немесе денсаулығының өзгедей зақымдануы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді қараған кезде талапкерлерге, сондай-ақ, қарап жатқан дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топ мүгедектері, жасы бойынша зейнеткерлер санатындағы талапкерлер мен жауапкерлерге, алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, т.б. заңмен айқындалған нормалар бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарды заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық босатуға міндетті. Аталған жағдайларда адвокат, заңды өкілдер көрсететін, сондай-ақ, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Бұл нормалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талап қоюшылар мен жауапкерлерге де қолданылады.

Ал, адвокат пен заң консультанты қыз-

метіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. АПК-нің 112-бабының 3-бөлігінде көрсетілгендей, бірінші бөлікте көзделген жағдайларда заң көмегіне ақы төлеуден және өзінің атынан өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы өтінішхатқа осы адамның бюджет қаражаты есебінен заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттар мен басқа да дәлелдемелер қоса тіркеледі.

Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңның 28-1-бабымен заң консультанттарының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету тәртібі бекітілген. Осыған сай, заң консультанттарының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын заң консультанттарының палаталары уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ұйымдастырады.

Заңгер ғалым Салық Зиманов «Өркениетті қоғам болу үшін, алдымен халықтың рухани амандығы, екінші, заңдылық, үшінші, ғылым болуы керек. Осы үш тірек өркениеттілікті құрайды. Халықтың рухани амандығы деген ұғымға оның денсаулығы, мәдениеті, білімі бәрі-бәрі кіреді. Ал заң болмаған жерде қылмыс қаулап, елдің экономикасы дамымайды. Осыған орай айтарым, ғылымның нәтижесін пайдалана білу керек» дегенді бекер айтқан жоқ.

Кез келген заң адам мүддесі мен ел игілігіне арналатындықтан, оны құрметтеп-қастерлеу әрбір азаматтың борышы. Олай дейтініміз ел заңдарына құрмет болғанда ғана құқықтық мәдениет салтанат құрады. Жалпы Конституция бойынша өмір сүру демократияның ең жоғары мектебі. Осы себепті, заңмен бекітілген құндылықтарды, қағидаттар мен нормаларды білу баршаға міндет. Заңы үстем елде қашан да тыныштық пен тұрақтылық болып, экономика жоғары қарқынмен дамитынын есте ұстайық.

Светлана СУХАНОВА,
Жетісу аудандық сотының судьясы
Алматы қаласы

ҚҰҚЫҚ ПЕН МІНДЕТ ҚОС ҰҒЫМ

Құқық дегеніміз, мемлекет тарапынан заңдастырылған және қадағаланатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі. Құқық пен міндет егіз дүние. Бұл екеуін ұштастыру, қатар ұстап жүру біздің міндетіміз. Осыдан қоғамның сапасы шығады. Біздер жастар берілген тәлім-тәрбиені санамызға құйып, оны әрі қарай жетілдірсек – сауатты ұрпақ жалғасын табады. Ал сауатты ұрпақтың міндеті – өз құқықтарын, өз міндеттерін орындау және қорғау. Адамдар қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, олардың өзара қатынастары сол қоғамның сапалы қызметінің нәтижесі болып табылатын өздерін ұстау ережелерімен реттеледі.



**Асем БЕРИКБАЙҚЫЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 соты
сот кеңсесінің бас маманы –
сот отырысының хатшысы**

Жалпыға бірдей міндетті осы ережелерді сол қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың бәрі сақтауға тиіс. Адамда өзін және әлемді тани білетін ақыл мен қабілет бар. Сондықтан, ол өзінің және өзгелердің әрекеттеріне баға беріп, олардың салдарын алдын ала көре алады. Адамдардың өзара қатынастарында қалыптасқан норма-

лар қоғамның рухани дамуына, әлеуметтік тәртіптердің қалыптасуына алып келеді. Қазақстан мемлекеті тәуелсіздігін алғалы өз құқықтары пайда болды. Мемлекет тарапынан бақылауға алынған нормативтік актілерде нақтыланған, орындалу тетігі қа-

лыптастырылған жиынтық болғандықтан құқық ережелерін сақтау мемлекеттің барлық азаматтары үшін міндетті болып табылады. Ол әрбір жеке адамға ғана емес, тұтас адамдар тобына да қатысты. Құқық нормаларымен реттелетін қатынастарға түсе отырып, адамдар мен олардың ұйымдары сол нормаларды бұзбауға тиіс. Өмірдің қай саласында болса да адамдар арасындағы қатынастарда реттілік орнатуға бағытталған. Құқық – қоғамдағы адамдардың өзара қатынасын реттеп отыратын мемлекет белгілеп, қорғайтын нормалар мен ережелер жиынтығы, осы нормаларды зерттейтін ғылым.

Біздің елімізде тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына қатты көңіл бөлінуде. Соның айқын бір көрінісі – Конституциямыздың бірінші бабында адам құқықтары: Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітілген.

Құқық деген бұл өз мүделерімді заң шеңберінде жүзеге асыру мүмкіндігім. Құқық негізі табиғи және әлеуметтік құқықтарға бөлінеді. Табиғи құқыққа өз қалауымен өмір сүру, ал әлеуметтік құқыққа қоршаған ортамен қарым-қатынасы кезіндегі құқықтарын жатқызуға болады. Құқық табиғи құқықтардан туындайды және ол барлық адам баласына туа біткен қасиет ретінде танылады. Олар өмір сүру, бостандық, бақытты болуға ұмтылу.

Қазіргі заман талабына сай әрбір Қазақстан азаматы, еңбектеген сәби мен еңкейген қарияға дейін өз құқығын жете біліп, оны қажетіне сай өмір сүру дағдысында қолдануы керек. Әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңдарды білуі қажет. Сондай-ақ, заң

адамға міндеттер жүктейді. Адам – басқалардың құқықтарын бұзбауы, олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысына қол сұқпауы керек. Адамның қоғам мен мемлекет алдындағы міндеті: мемлекетті қорғау, салық төлеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу. Біз сияқты қаншама адам дүниеге келуде? Осы адамдардың барлығы бір заңға бағынады. Ол – Конституция деп аталады. Әр елдің, мемлекеттің өз азаматтарына арналған заңы, Конституциясы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаған жолдауларында адам құқығын сақтау, Қазақстанды одан әрі жаңарту мен демократияландыру күн тәртібіндегі мәселе екендігі айтылған.

Менің құқымды да Қазақстан Республикасының Конституциясынан көруге болады. Конституция – адам құқығының кепілі. Онда белгіленген құқықтар арнайы заңдармен жүзеге асады. Әрине, өткенді білмей, болашақты болжай алмайсың деген бар емес пе? Көшпелі тұрмыс кешкен халықтың бәрі бірдей әріп танымағанымен, олар дала заңына бас иген, бағынған. Қасым ханның Қасқа жолы, Есім ханың Ескі жолы және Тәуке ханның Жеті Жарғысын негізге ала отырып Конституциямыз дүниеге келген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Бұл қағида демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық-құқықтық міндеті. Конституцияда бекітілген жеке тұлғаның құқығы оны жүзеге асыру мен қорғаудың тиімді механизмін құруды болжайды. Бұл заңда біздің құқықтарымыз ғана емес, міндеттеріміз де қатар жазылған. Міндет – адамдар бұлжытпай орындауға тиісті тәртіп пен қарым-қатынасқа қойылатын талап.

ЖАСТАР ЖАЙЫ: ҮМІТТЕН КҮДІК БАСЫМ



Жауапты сала мамандарының сөзіне сүйенсек елімізде жыл сайын орта есеппен 145 мың жастың қатысуымен құқық бұзу жағдайы тіркеледі екен. Мәселен, жыл басынан бері республика бойынша 700-ден аса жас қылмысқа қадам жасаған.

Наурыз айының өзінде 378 қылмыстық іс тіркелген. Олардың ішінде ауыр емесі – 32, ауырлығы орташа – 147, ауыр – 162, аса ауыр – 15 жағдай орын алған. Жасөспірімдердің қатысуымен орын алған қылмыстарды өткен жылмен салыстырсақ 14%-ға көбейгені байқалады. Ондағы біздің өңірдің үлесі қанша? Нақты статистикалық мәліметтерде Қызылорда облысы бойынша жасөспірімдер қылмысы 44%-ға азайыпты-мыс. Дегенменде, соңғы бір-екі апталықта әлеуметтік желі беттеріндегі жаңалықтар жұрттың жағасын ұстатты. Қызылорда облысының Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде орын алған ессіздік елдің есін шығарып, біздің тәрбиенің тұсын әшкере етті. Тұтас қоғамды әлекке салып, тиісті тұлғалар жауапқа тартылды. Араға апта салмай бір-біріне пышақ жүгіртіп, топтық төбелестің «төресін» көрсетті. Бұл не нәубет болды дегеннен басқаға шамамыз келмеді. Жастар арасындағы келеңсіз оқиғалар Президентке дейін жетті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Балаларға қатысты жантүршігерлік қылмыстар жиілеп кетті. Мұндай оқиғалар мектепте, көшеде, тіпті, үйде де орын алып жатыр. Сорақы жағдайлар оқушылардың өздеріне қол жұмсауына себеп болып отыр», – деді.

Түйір тасын түртіп қалсаң тарих сөйлейтін, бабасынан бастап баласына дейін дана болған, мәдениеті әдебиетімен, діні ділімен ұштасқан, салтына берік, антына адал халықтың ұрпағымыз. Өткенімізді түгендеп, жүрген жолымызға қарайлайтын болсақ Тұран даламыздың топырағынан талай текті тұлғалар туылған. Фәни дүниеге іңгәләп келіп, жалған өмірден жұрты үшін жылап кеткен жасампаз перзенттер де, талантымен тұтас әлемді таңдандырған тұлға да, Құдайы жолында бір бас намазын қаза қылмаған ізгі жандар да, қасық қанын халқының жолында шейіт еткен көзсіз батырлар да, атағы алыс-жақынға тұтас мәшһүр болған атымтай жомарт та өтті. Бұқара болып бекініп, байрағымызды тіктеп, өз алдымызға ел боламыз деген сонау жылдардан бастап кешегі тәуелсіздік жылдарына дейінгі аралықта қазақ елі мың

өліп, мың тірілді. Жаугершілік уақыттарда да, еркіміз кетіп бодан атанған шақта да, ашаршылық нәубеті мен қан сасыған майдан ортасында кескілескен кезде де біздің рух сынған жоқ. Намысымыз төгіліп, айбарымыз мұқалған жоқ. Себебі, жүректерінде жаратқанға деген кіршіксіз сезім мен сенімі бар, сана түкпірінде болашаққа деген алғausыз араманы бар адал халықтың арда ұрпақтарын қажыту мүмкін емес еді. Тәуелсіздік жылдарының алғашқы шақтарында да экономикамыз шатқаяқтап, шекарамыз шегенделмей, сала біткеннің тасы сайға домалаған кезде де біз халықтық сыйпатымыздан, ұлттық болмысымыздан бір сәт алыстаған емеспіз. Алайда, сондай ізгі ұлттың ұрпағы – жастар үшін қам көңілдің төрінде бір күдікпен қарайтын мәселе бар. Соңғы уақыттардағы қоғамдық көріністерді көріп, «өткенімізден жаңылып, түбірімізден жұлынып қалдық па?» деген ойға келемін. Жоқшылыққа қарағанда тоқшылық жаратылысы адамды аздырып, рухани кембағалдыққа ұшырататын секілді. Сананы тұрмыс билеген, сыртқы күштердің әсері қатты уақытта ұрпақ санасын адастырмай, ұлттық болмысымызға қайта табыстыру үшін не істемек керек? Қоғамды құраушы, ел болашағы ретінде жастарды қалай тәрбиелей аламыз. Қайткенде ізгі қоғам статусын қайта қалпына келтіре аламыз? Бүгінгі жазбамызда осы секілді жастар мәселесін зерделейтін боламыз.

Жақында ғана экс әріптесіміз Нартай Аралбайұлы ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа, ҚР Бас Прокуроры Берік Асылловқа депутаттық сауалы мен нақты ұсыныстарын жеткізді. Ол прокурорға оқушылар арасындағы әлімжеттікке қатысы бар барлық адамдар жазалансын, оқиганы біліп тұрып, істі бұрмалауға һәм қамсыз қалып, жасыруға жол берген тиісті тұлғаларға заң шеңберінде жаза қолдансын. Сонымен қатар, оқиға орнында кикілжіңді басудың орнына бейнекөрініс түсіріп таратқандар да заң алдында жауапқа тартылсын деген талабын жеткізді. Өз кезегінде Премьер-Министрге 4000-нан аса оқушы-

сы бар мектептерде тек 2 психолог маман жұмыс істейтінін және ол аздық ететінін алдыға тартып, штаттық бірлік санын арттыру керектігін, 250 балаға 1 психологтан келетіндей етіп жағдай жасауды сұрады. Сонымен қатар, әлеуметтік педагогтың да қажеттілігі бар екенін ескертіп, көбейтуді кеңес етті. Мектептердегі инспектор қызметін қайта жалғастыру жайлы айтты. Әлімжеттік жағдайларын әшкере етуді ұят санайтын таптаурын түсінікті жоюға шақырды. Барлығына да екі қолымызды қатар көтеріп қолдаймыз.

Қазалы оқиғасына қайта оралайық, есінен танып құлаған жасты аяусыз соққылап жатқан бір топ жасөспірімнің ісін көрдік. Көзімізге сенбей, «аяусыз» екен дестік. Мән-жайын біле алмай, кімді кінәлау керек екенін түсінбей, тек әлгі баланың амандығын тілеумен отырдық. Нәтижесінде жауапсыздығы үшін жауапты тұлғалар жазаланды. Іс қозғалып, қатыстылар заң аясында өз істерін мойнымен көтеретін болды. Алайда, мәселе бұл жайлы емес, мәселе – жастардың бұзылғанында. Жоғарыда айтылған жағдайға дейін бару үшін қаншалықты қамсыз, қаншалықты аяусыз болуы керек. Обал мен сауаптың бағасынан қашан айырылып қалдық? Жүрегінде мейірім деген мерейлі жаратылыстың титімдей жұрнағы қалмаған тасжүрек жастарды тәрбиелеуде қай жерден қате жібердік?

Асылында біз дәстүрімізден тін алған дініміздің, бала тәрбиесіндегі жазылмаған дала заңдарының берік қағидаларынан алыстап қалдық. Бұрындары баласына «Әр қазақ сенің жалғызың, әр қазақ сенің бауырың» деп тәрбие берген отбасыларда қазір эгосы жоғары, амбициясы биік, көңілі тар ұрпақтар легі өсіп келеді. Көпке бірдей топырақ шашып, бес саусақ бірдей екен деуден әсте аулақпыз. Дегенмен, «Ішіне шынтақ айналмайтын ежірей деген ұлың болады, ақыл айтсаң ауырып қала-

тын бедірей деген қызың болады» деген Мөңке бидің сәуегейлігі осы күнімізді болжап айтылғандай. Кең болуға тәрбиелесек кем болар ма едік? Бұның барлығы да ұлттың ұрпақ тәрбиесіндегі тұралап тұрған тұсындағы жайттар ма?

Құқық бұзушылық, яки аяусыздық, өзі секілді екінші бір адамға жасалған барлық қатыгездік – жастар арасындағы бір ғана әлеуметтік мәселе. Осы тектес ушығып тұрған түрлі әлеуметтік топтар мен жағдайлар жетерлік. Шешімін таппай шенділерде, бала қамын күйттеген күйбең тірлікті ата-ана да, замандастарының ахуалына алаңдаған мен секілді жастар да не істерін білмей дал. Осы тұста бізге ата-дәстүріміз бен дінімізге арқасүйеу керек секілді. Заң біткеннің белінен басып, үлкенді үлкен көрмеген, айтылған ақылды алмай, өзім білемінге салған «жүгенсіздерді» тезге салудың жалғыз жолы – бәлки, ислам болар. Түгелге жуық қазақ тілді, діндес халық шоғырланған біздің облыстарға бұл түсіндіруді қажет етпейтін түсінік. Мұсылмандар сенімінде әкенің бала алдындағы бір міндеті өзін жаратқан Құдайды таныту, тура жолды көрсету болса, баланың әкесінің алдындағы борышы – атына кір келтірмей, қызықшылығын көрсету. Осы секілді кіші ғана формуланы меңгерген ұрпақ ұятты, әке ожданлы болары сөзсіз. Міне біз аталған отбасы институтының, оның ішінде діни сипаттан айырылып қалдық. Қу тіршіліктің күйбеңінен қолы тимейтін, бала-шағасын асырау қамымен күндіз-түні үй көрмей жүретін әке-аналар мен әй дейтін әженің алдын көрмеген жастардың мәселесі ушығып тұр. Осы олқылықтардың ойсыраған орнын толтырар болсақ, жазба басындағы біз арман етіп қарайтын ізгі қоғамымызды қайта құра аламыз.

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

АЛАЯҚТАР ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ



Интернет біздің өмірімізге мықтап енді. Жыл өткен сайын адамдар бос уақытын көбірек виртуалды әлемде өткізетін болды. Мұнда олар жұмыс істейді, демалады, қарым-қатынас орнатады, тіпті өмірлік серігін де тауып жатады. Статистикаға сүйенсек, қазақстандық отбасылардың 30 пайыздан астамы таныстықтарын желіде бастаған және олардың саны жыл сайын артып келеді. Бұл міндетті түрде арнайы сайттарда танысты деген сөз емес. Біреу әлеуметтік желіде ұнатқан адамның әдемі суретіне лүпіл басады немесе мессенджерде хабарлама қалдырады. Сөйтіп, қалай десеңіз де, адамдардың таныстығы бастау алады.

Желідегі таныстық

Желіде танысу алаяқтар үшін өте тиімді болып тұр. Мәдина есімді бойжеткен танысу сайттарының бірінде қарағандылық Қайратпен танысқанда, екеуінің әңгімесі бірден жарасып жүре берді. Басқа жігіттердей емес, әйел затына деген қамқорлығы ерекше, дөрекілігі жоқ, арасында өзіне жарасатын жеңіл әзіл-қалжыңы бар жігітпен әр сөйлескен сайын Мәдинаның қуанышында шек болмады. Қайрат бірнеше рет телефон нөмірін сұрағанмен, Мәдина оны беруге асықпады. Өйткені, бойжеткен сезімге толы хат алмасудың әлі де жалғаса түскенін қалаған еді. Жігіттің әдемі сөздері жүрегіне жетіп, сезімге елтіп, бақыттан басы айналған бойжеткен екеуінің үйлену тойын көз алдына елестетіп, тіпті болашақ перзенттерінің есімін де ойластырып қойған еді.

Бірақ кейбір жайттар Мәдинаны ойландырып тастады. Әңгіме барысында жігіттің Қарағандыны білмейтіні байқалып қалды. Тіпті, басты көшелерінің өзін шатастырды. Сондай-ақ, бірнеше рет қылмыстық ортада пайдаланылатын сөздерді де айтып қалды. Кезекті хат алмасу барысында Қайрат Мәдинаны басқа қыздың атымен атады. Одан қалса, қиналып тұрғанын жеткізіп, ақшалай көмек сұраудан да намыстанбады. Осыдан кейін көңіліне күдік кірген Мәдина ойындағысын ішіне бүгіп қалмай, жігіттің өзіне тікелей айтты. Басқа амалы қалмаған Қайрат шынын айтып, мойындауға мәжбүр болды.

– Иә, қазіргі таңда мен төбелескенім үшін темір тордың арғы жағында жазамды өтеп жатырмын. Көптеген қыздармен желіде хат алмасып тұрамын. Өзім Ресейдемін, енді екі жылдан соң бостандыққа шығамын. Егер мені күтсең, Қазақстанға келіп, сені алып кетемін, екеуміз бақытты отбасы боламыз, – деді бұлбұлша сайраған жігіт.

Бірақ Мәдина бұған келіспеді, телефон нөмірін бермегеніне қуанды.

Батырханның да басынан өткен хикаясы Мәдинаның оқиғасына ұқсас. Әлеуметтік

желідегі парақшасын белсенді жүргізетін Батырханның төрт мыңдай жазылушысы бар. Бірнеше постың астына лүпіл басып, ағылшын тілінде пікір қалдырған бойжеткен бірден көзіне түсті.

– Кім екенін білгім келіп, парақшасына кірдім. Әскери киім киген сымбатты да сүйкімді қыздың суреттерін көрдім. Бірде ата-анасымен, тағы бірде итімен түскен екен, – дейді Батырхан.

Екеуара әңгімеде Миранда өзінің АҚШ-тан екенін, бірақ қазіргі уақытта бітімгершілік миссиясымен Ауғанстандағы қызметте екенін айтты. Сөз арасында бойжеткен бір айдан кейін отставкаға шығатынын, әскери қызметі үшін көп мөлшерде сыйақы алатынын тілге тиек етіп, қарулы қақтығыстармен соғыстан аулақ, бейбіт елде жаңа өмір бастағысы келетін ойын білдірді. Қазақстан туралы сұрастырып, өзіне Батырханның ұнап қалғанын, қызмет аяқталғаннан кейін көшіп келуге дайын екенін жеткізді.

Қыздың әңгімесінен сезіктеніп қалған Батырхан «Бұған не керек екен?» деп әліптің артын күтті. Бір күні Миранда бірер күнде қомақты ақша алып, Қазақстанға билет алғалы отырғанын айтты. Бірақ интернеттегі ғашығынан аздаған көмек керек екен. Миранда қолындағы қомақты қаржыны қазақстандық банктерге аудару үшін бар болғаны бес мың доллар салық төлеуі қажет. Егер Батырхан осы ақшаны салып жіберсе, келген соң қайтаруға уәде береді.

Батырхан мұндай ұсыныстан бірден бас тартты, бұған қыз, әрине, қатты таңқалды. «Мойындаңызшы, сіз алаяқсыз ғой», – деген Батырханға Миранда: «Жоқ, сен менің махаббатыма сенбедің. Көз жасымды тыя алар емеспін», – деген мазмұнда жауап жазды. Бұл одан келген соңғы хабарлама еді. Сол түні-ақ «Миранда» аккаунты жойылды.

Азаматтар да алданады

Мәдина мен Батырханның сақтық танытудың арқасында жолы болды. Бірақ монитордың ар жағында әдемі сөйлеген

алаяқтарға алданып қалғандар аз емес. Олардың арасында арулар да, азаматтар да бар. Ақмола облысының полиция департаментінде мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Негізінен олардың барлығы Қылмыстық кодекстің 190-бабының 3-бөлігі («алаяқтық») бойынша сотқа дейінгі тергеумен аяқталады. Алаяқтық схемалары, әдетте, ұқсас болып келеді.

2022 жылдың желтоқсан айының соңында 32 жастағы ақмолалық азамат полицияға жүгінді. Ер адамның айтуынша, 2021 жылы ол танысу сайтында Солтүстік Қазақстан облысының тұрғынымен танысқан. Бір жыл бойы кездесуден бас тартып, тек онлайн қарым-қатынас жасауды жөн көрген әйел виртуалды «сүйіктісінің» үш миллион теңгесін иемденіп кеткен. Содан кейін ғана бақытсыз махаббаттан аузы күйген жігіт құқық қорғау органдарына жүгінді.

Жуырда облыс орталығында болған тағы бір оқиға жұртшылықтың жағасын ұстатты. 22 жастағы Көкшетау қаласының тұрғыны танымал желі арқылы бір қызбен танысады. Жалдамалы пәтерде кездесуге келісіп, көңілі алып-ұшып жеткен жігітті бойжеткеннің орнына үш жігіт күтіп тұрыпты. Олар жігітке пышақ тақап, «кәмелетке толмаған қызды зорламақ болдың, сол үшін ақысын төле» деп қорқытып, 1,5 млн теңгеге бірнеше несие рәсімдетіп алған.

Жігіт олардан құтылған бойда полиция бөлімшесіне барып, зорлық көрсеткендердің үстінен арыз түсірген. Қазіргі таңда төртеуіне қатысты қылмыстық іс қозғалды. Ал осы шытырман оқиғаның басты кейіпкері болған бойжеткен небәрі 15-ақ жаста екен...

Шетелдікке шексіз сеніп...

Махаббат майданында алаяқтың құрбаны болған тағы бір жан – Шортанды қаласының 71 жастағы тұрғыны. Зейнеткердің айтуынша, 2022 жылдың шілде айында Уильям Аль-

берт есімді дәрігермен танысқан. Өзін америкалық нейрохирургін деп таныстырған азамат кейуананы БҰҰ-ның бағдарламасымен Сирияда қызмет етіп жатырмын деп сендірген. Арада біраз уақыт өткенде, шетелдік Қазақстанға келетін ниеті бар екенін айтып, оған әйелдің жазбаша келісімі қажет екенін жеткізіпті. Оған кәміл сенген кейуана дереу аталған құжатты жібереді.

Шамамен екі күн өткен соң, әйелдің электронды поштасына «Біріккен Ұлттар Ұйымынан» хат келеді. Онда «Уильямның» ұшуының қауіпсіздігі үшін 2 мың АҚШ долларын төлеу қажет екені айтылған. Алайда алаяқтар тек мұнымен шектеліп қалмаған. Алты ай бойы күткен рейсі әртүрлі себептермен «кешіктіріле» берген, ал әйел әр жолы ақша аударып берген.

Жаңа танысы туралы, оған аударып жатқан ақша жайында әйел туыстарына тіс жармаған. Сөйтіп, ақмолалық әйел алаяқтардың есепшотына жалпы саны 10 200 АҚШ долларын немесе 5 млн теңгеге жуық қаржы аударған. Ақшаны ағайын-тумасынан қарызға алған, банктен несие рәсімдеген. Қазіргі таңда тергеу жұмыстары жүргізілуде, ақша аударғаны туралы түбіртектері мен хат алмасулары іске тіркелген.

Таныстық та табыстық

Дегенмен, ғаламтор арқылы өз махаббатын табу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Оған желі арқылы танысып, жүректері табысып, жұп болған ерлі-зайыптылардың махаббат хикаялары дәлел.

Ақмолалық Асылбек арада 25 жыл өткенде сыныптастар чатында өзінің мектептегі алғашқы махаббатын кездестірді.

– Біз Айнұрмен бірнеше жыл бір партада отырдық. Мен оның қасында отырғанда, жүрегім тулап, тынысым тарылатын. Бүкіл мектеп менің оны жақсы көретінімді білетін еді. Ал ол маған тіпті назар да аудармады. Өзі сондай сұлу, белсенді, би билейді, ән айтады, мектептің халық аспап-

тар ансамбліңде домбыра тартады. Ал мен болсам, басын сабақтан алмайтын, жай ғана қатардағы оқушы болдым. Мектеп бітірген соң, басқа қалаға кеттім, үйлендім, қызым дүниеге келді. Алайда арада біраз уақыт өткенде, мен өзімнің жар таңдаудан қателескенімді түсіндім. Әйеліммен некеміз ұзаққа бармады. Түлектер кездесуіне дайындық барысында сыныптастар чаты құрылып, екеуміз осы топта кездестік. Бір себептермен мен кездесуге келе алмадым, бірақ Айнұрға бірінші болып өзім жаздым. Ол да жауап қайтарды, сөйтіп, арамызда байланыс орнады. Әңгімеміз жарасып жүре берді, кейін кездестік, екеумізде де сезім оты лаулап, үйленуге бел будық. Міне, бір жылдан бері бақытты өмір кешіп жатырмыз.

Ал Мереке мен Сәнімнің қосылғанына жеті жыл болған, берекесі ұйыған тату-тәтті шаңырақтарында ұлықты ұл мен қылықты қыз өсіп келеді.

– Біз танысу сайтында бір-біріміздің суретімізге лүпіл басу арқылы табыстық, – деп еске алады Мереке. – Алғашқы жазбалардан-ақ мен Сәнімнің ақылды, мейірімді, байсалды және әзілге жақын екенін түсіндім. Шамамен бір айдан соң кездестік. Алдымен кафеде отырдық, шыққан соң ұзақ жүрдік, бәлкім, қаланың жартысын жаяу жүріп өткен шығармыз. Содан кейін мен оны бір сәтке де жанымнан жібергім келмейтінін сезіндім...

Алаяқтың құрбаны болмас үшін

– Облыс аумағы шағын, тұрғындары азырақ болғанымен, интернеттегі алаяқтық саны жыл санап арта түсуде. 2022 жылы алдын алу шараларының арқасында мұндай қылмыстардың саны азайды. Алайда олардың көбі ашылмай қалады, өйткені жасалу схемалары күн сайын өзгеріп жатады. Мысалы, өткен жылы тіркелген 1 084 істің

тек 250-і ғана ашылған. Атқарылып жатқан түсінік жұмыстарына қарамастан, халық өздерінің жеке басының мәліметтері мен қаражаттарын аударуды қояр емес, – дейді ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің Ақмола облыстық басқармасының бастығы Ақыл Қарпықбаев.

Тәртіп сақшылары алаяқтардың құрбаны болмау үшін кез келген адамға сене бермеуді, банк карталарындағы мәліметтерді ешкімге айтпауды, алғашқы кездесетін жерді көпшілік орнында таңдауды ескертеді.

Интернет арқылы тапқан жаңа танысыңыз сіздің атыңызды айтпаса, басқа желіге өтуді немесе сөйлесу үшін арнайы қосымшаны жүктеуді сұраса, бейнеқоңыраумен сөйлесуді қаламаса, жаңа таныстық туралы ешкімге айтпауды өтінсе, онда сезімге берілмей, жақсылап ойланғаныңыз жөн.

Психолог кеңесі

Психолог Нұрғайша Іңкәрованың кеңесіне құлақ түрсек, жүзбе-жүз кездесуге қарағанда, виртуалды қарым-қатынаста сезімге көбірек ерік беріледі.

– Психологтардың пайымдауынша, желідегі қарым-қатынасқа көп жағдайда шынайы өмірде айналасындағы жандармен көп араласа бермейтін адамдар жүгінеді екен. Сондықтан кез келген онлайн қарым-қатынастың соңы нақты кездесумен аяқталуы тиіс. Әйтпесе, қиялыңыздағы бейнемен сөйлесіп жүруіңіз ғажап емес, – дейді Нұрғайша Жолдыбайқызы.

Интернет – қарым-қатынастың қолайлы құралы болғанына қарамастан, қауіпсіздік шараларын естен шығаруға болмайды. Әйтпесе, махаббат хикаяңыз неке куәлігіндегі мөрмен емес, қылмыстық хроникадағы жаңалықпен аяқталуы бек мүмкін.

Айгүл АХМЕТОВА

ТАЛАП ҚОЮДЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанның барлық облыс орталықтарында, кейбір облыстық деңгейдегі емес қалаларда осындай қоғамдық құқықтық дауларды қарайтын арнайы мамандандырылған әкімшілік соттар ашылған және барлық аудандық соттардың құзыретіне бұндай дауларды қарау тапсырылған. Олардың жұмыс атқарып отырғандарына 2 жылдай уақыт болды.



Ержан ҚАЛКЕН,
Май аудандық сотының төрағасы

2021 жылғы 1 шілдеде заңды күшіне енген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің талаптарына сәйкес талап қоюшы сотқа арызбен жүгінгенде оны әкімшілік талап түрінде ұсынуы қажет. Алайда, қазіргі күнге дейін талап қоюшы және оның өкілдері Азаматтық процестік кодекстің талаптарына жүгіне отырып сотқа талап арыз береді.

Нақты жағдайда ӘРПК-нің 131-бабында талап қоюшы әкімшілік сотқа жүгінгенде әкімшілік талап қояды деп көрсетілген. Талап қою сотқа жазбаша нысанда не талап қоюшының және (немесе) оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Талап қоюда мыналар көрсетілуге тиіс:

- талап қою берілетін соттың атауы;
- егер талап қоюшы жеке тұлға болса, талап қоюшының тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның тұрғылықты жері, оның туған күні мен жері, егер талап қоюды өкіл берсе, өкілдің аты-жөні мен оның мекенжайы; талап қоюшының, оның өкілінің телефон нөмірлері, электрондық поштасы;

- егер талап қоюшы заңды тұлға немесе өзге ұйым болса, талап қоюшының атауы, оның орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және банктік деректемелері;

- жауапкердің атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері (егер олар талап қоюшыға мәлім болса) және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол талап қоюшыға мәлім болса). Егер олар талап қоюшыға мәлім болса, талап қоюда жауапкердің телефондарының нөмірлері мен электрондық мекенжайы көрсетілуге тиіс;

- талап қою талаптарының мазмұны (талап қою нысанасы) және талап қоюшы өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды баяндау (талап қою негіздері), талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылуының немесе бұзылу қаупінің мәні. Талап қою бірнеше жауапкерге берілген жағдайда, жауапкерлердің әрқайсысына қатысты талап қою талаптарының мазмұны;

- егер бұл заңда белгіленген болса, жауапкерге сотқа дейін жүгіну тәртібінің сақталуы туралы мәліметтер;

- құжаттардың және басқа да қоса берілетін материалдардың тізбесі (болған кезде).

Талап қоюда, әдетте мыналар да көрсетіледі:

- талап қоюшының жауапкердің оның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзғаны туралы, оларды жүзеге асыруға кедергілердің белгіленгені туралы не өзіне қандай да бір міндеттің заңсыз қолданылғаны туралы негізделген пікірі;

- қажет болған жағдайда – мемлекеттік

баж төлеуді кейінге қалдыру, оны бөліп төлеу, төлеуден босату туралы; сот сараптамасын тағайындау туралы; дәлелдемелерді талап ету туралы; куәларды шақыру туралы; талап қоюды қамтамасыз ету туралы жазбаша өтінішхат және басқа да өтінішхаттар.

Талап қою талаптары негізделетін мән-жайларды растау үшін талап қоюшы дәлелдемелерді ұсынады, ал мүмкін болмаған жағдайда тиісті себептерді көрсете отырып, өзі дербес бере алмайтын дәлелдемелерді көрсетеді. Талап қоюға талап қоюшы немесе оған қол қоюға өкілеттігі болған жағдайда оның өкілі қол қояды. Егер талап қоюды өкіл берсе, онда өкілдің аты, оның пошталық мекенжайы, сондай-ақ, егер ондайлар бар болса, телефондарының нөмірлері, электрондық поштасының мекенжайы көрсетіледі. Талап қоюға қоса берілетін құжаттар, әдетте, төлнұсқалар да ұсынылады. Құжаттарды төлнұсқаларда ұсыну мүмкін болмаған кезде олар заңда белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы мүмкін. Егер төлнұсқаның болмауы себебінен құжаттың көшірмесін куәландыру мүмкін болмаса, талап қоюда мұндай әрекеттерді жасаудың мүмкін болмауы себебі жазылуға тиіс.

Талап қоюшы талаппен сотқа жүгінген уақытта талаптың түрін анықтау аса маңызды болып табылады.

ӘРПК талаптың 4 түрі бар:

- дау айту туралы талап қою;
- мәжбүрлеу туралы талап қою;
- әрекет жасау туралы талап қою;
- тану туралы талап қою.

Әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің күшін жою туралы талап беріледі. Мысалы, жер телімін немесе тұрғын үй беруден бас тарту туралы әкімшілік актіні заңсыз деп тану және күшін жою. Немесе салық органының хабарламасын заңсыз деп тану және күшін жою.

Мәжбүрлеу туралы талап қою бойын-

ша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған қолайлы әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бас тартуға дау айту туралы жеке талап ету қажет етілмейді. Мысалы, әкімшілік органды жер телімін немесе тұрғын үй беру туралы қолайлы әкімшілік актісін қабылдауды міндеттеу.

Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актіні қабылдауға бағытталмаған мұндай әрекеттерден қалыс қалуды талап етуі мүмкін. Мысалы, әкімшілік органды объектіні бұзу бойынша бөлшектеу жұмыстарын жүргізуге міндеттеу.

Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы, егер талап қоюды бере алмаса, қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін. Мысалы, тұрғын үйге мұқтаж адамды тұрғын үй бойынша қайта есепке тұрғызуды тану. Сонымен қатар, тану туралы талап бойынша, талап қоюшы заңды күші жоқ ауыртпалық салатын әкімшілік акт заңсыз деп тануды талап етуі мүмкін.

Қандай жағдай болмаса да, талап қоюшы талаптың түріне қарамастан ӘРПК-нің 136-бабында көрсетілген мерзімді сақтау қажет.

Мәжбүрлеу шараларына дау айту туралы талаптар дауды қарау қорытындысы бойынша шағымды қараған органның шешімді табыс еткен күннен бастап он күн ішінде беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға

әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ, әрекет жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі. Тану туралы талап қою сотқа тиісті құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі.

Заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тану туралы талап адамға осы акт арқылы оның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылғаны туралы мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде мәлімделуі мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге арналған мерзімді сот ҚР Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімдерді өткізіп алу себептері мен олардың мәнін әкімшілік істің дұрыс шешілуі үшін сот алдын ала тыңдауда анықтайды.

Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ, сотқа жүгінудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ КӨРСЕТЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Әрбір азаматқа қорғануға мемлекет құқық береді. Бұл туралы еліміздің негізгі заңы ҚР Конституциясында жазылған. Заңды және жеке тұлғаларға заң көмегін әртүрлі құқықтық субъектілері көрсетеді оның қатарында адвокаттар мен нотариустар да бар. Адвокаттық және нотариаттық қызметтерін жүзеге асырудың негізгі талаптарының бірі мемлекеттік лицензиясының болуы. Лицензия алу әртүрлі бірнеше сатылардан тұрады. Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер Әділет органдарында мемлекеттік қызмет алады.



Көрсетілетін мемлекеттік қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағыт-

талған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңның 40-бабының 2-тармағына сәйкес, адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам тағылымдамадан ойдағыдай өткеннен кейін адвокаттық қызметпен

айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияға «Электрондық үкіметтің» веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы заңнамада көзделген құжаттарды қосып бере отырып, өзін аттестаттауға жіберу туралы өтініш жібереді.

Сонымен қатар, «Нотариат туралы» заңның 7-2-бабының 2-тармағына сәйкес нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам тағылымдамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құжаттарын қоса тіркей отырып, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық әділет органдары арқылы оны аттестаттауға жіберу туралы өтінішін тұрғылықты жері бойынша тиісті нотариаттық қызметпен айналысу құқығына аттестаттау комиссиясына жолдайды.

Адвокаттық және нотариалдық қызметпен айналысуға үміткер тұлғалар www.egov.kz, және www.elicense.kz. электрондық үкімет веб-порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбасы бойынша электрондық құжаттарын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі «Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» және «Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет «Е-лицензиялау» жүйесінің мемлекеттік дерек қоры арқылы тегін көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысатын тұлғаларды аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасы заңдарын білуге компьютерлік тест;

2) емтихандық билет бойынша ауызша тапсырмаларды орындау.

Компьютерлік тестке жұмсалатын жалпы уақыт 90 минутты (100 сұрақ) құрайды.

Қызмет алушы компьютерлік тесте ұсынылған жалпы сұрақтардан егер 70 (жетпіс) дұрыс жауап алатын болса өткен болып саналып, екінші кезеңге жіберіледі.

Екінші кезеңде қызмет алушыға практикалық тапсырмаға дайындалу үшін 10 (он) минут беріледі. Үміткердің практикалық тапсырмадағы дұрыс жауабы комиссия мүшелерінің бақылауы бойынша бес балдық жүйемен бағаланады.

Аттестаттау немесе аттестаттамау туралы Комиссияның шешімі аттестация өткізілген күні шығарылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады және көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім шығарылған күннен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

Нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау туралы шешім шығарылған күннен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Адвокаттық және нотариаттық қызметтерін лицензиялау ҚР Әділет министрлігімен жүзеге асырылады. Адвокаттық және нотариаттық қызметтерімен айналысу құқығын лицензиялау 2011 жылдың 15 тамызынан бастап электрондық түрде көрсетіледі.

Тоты БЕРЛІБЕКОВА,

Әділет департаменті құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің бас маманы

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

«Отан отбасынан басталады» деген қазақтың тамаша тағылымды мақалы бар. Расында Отанымыздың іргесінің берік, шаңырағы биік болуы әрбір отбасындағы татулық пен тыныштыққа байла-



нысты. Махаббат пен сыйластық салтанат құрған жанұяда әркім өз міндетіне жауаптылықпен қарайды.

Әке – қамқор, ана – мейірбан, бала – бақытты. Өкінішке орай, мемлекеттегі барлық отбасы қамқорлықтың не екенін сезініп, жанашырлықтың қандай болатынын біле бермейді. Керісінше, отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналып, кімнен көмек сұрағын білмей шарасыз жағдайда күн кешіп жатқандар аз емес. Тіпті, отбасындағы ұрыс-жанжалға, әкенің ұрып-соғуына әбден үйренген әйелі мен балалары зорлық-зомбылықты қалыпты нәрсе деп қабылдайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, расында да тұрмыстық зорлықтың құрбанына көбінесе әлеуметтік аз қамтылған топтар – қартайған ата-ана, әйел мен бала душар болады.

Сөздің қадірін білетін бабаларымыз «Отбасынан бас кетсе, Қазаннан ас кетеді», «Үй ішінен жау шықса, Тұра қашып құтылмас-сың» деген тәмсілді тегіннен-тегін айтпаған.

Расында, отбасының қорғаны – әке болса, алтын қазығы – ана. Осы ретте шаңырақтың шайқалуына түрткі болатын негізгі себептің бірі – ер азаматтың озбырлығынан орын алатынын айта кеткеніміз жөн. Өкінішке орай, қазақы менталитетпен тәрбиеленген орталарда отбасындағы кемсіту, қорлау, зорлық көрсету әрекеттері көбінесе жабық күйінде қалып жатады. Өйткені, отбасының бүлінгенін қаламайтын әйелдер шаңырақты сақтау үшін күйеуінің соққысын көпшілікке жария ете бермейді. Ажыраса қалса ұл-қызы өзгелерге жалтақтап өседі деп қауіптенген аналар одан гөрі жұбайының озбырлығына шыдауды дұрыс санайды. Осының кесірінен күнделікті еркіндігі шектеліп, құқығы тапталған әйелдердің өмірі өкінішпен өтеді. Отбасын сақтауды басты орынға қойған әйелдер баланың да құқығын шектейтінін түсіне бермейді. Шындығында бала үшін ата-ана-

сының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейді. Дөрекілік, күш көрсетудің күнделікті қайталануы балалардың бағдарын өзгертіп, зорлық-зомбылықты, кейіннен ірі қылмысты тудыратынын да ұмытпау керек.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған. Зорлық-зомбылық – азаматтардың құқын бұзатын, бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Мұны әрбір адам бала жастайынан түсінуі керек. Ұл-қызының озбырлық құрбаны болмағанын қалаған ата-ана тәрбиеге ерекше мән бергені дұрыс. Ол үшін алдымен өзі әлімжеттікке, тұрмыстық зорлыққа жол бермеуі шарт. Әкенің жұдырық жұмсап, күш көрсеткенін көріп өскен ұл ертең өз отбасында зорлық-зомбылық жасамасына кепілдік жоқ. Сондықтан, аналар отбасын сақтау үшін қорлыққа шыдай берудің соңы өз ұлының зорлықшы, қыздарының көнбіс болып қалыптасуына ықпал ететінін ұмытпағандары абзал.

«Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы» заңға сәйкес зорлық-зомбылық физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық болып бірнеше түрге бөлінеді. Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мемлекеттің даму деңгейі мен мәдени хал-ахуалына қарамастан, әлемнің барлық елдерінде кездесетін мәселе. Бұл кеселге тосқауыл қою үшін елімізде кешенді шаралар жүргізіліп келеді. Мұндағы бірінші бағыт тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған. Екіншіден, соңғы жылдары отбасында озбырлыққа жол бергендерге тағайындалатын жауаптылық күшейтілді. Оның реті Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс пен Қылмыстық кодексте дәйектелген. Айталық бүгінде отбасында жанжал шығарып, жақындарының тыныштығын бұзғандар 5 тәулікке дейінгі мерзімге (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабы) қамауға алынады. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алу және зардап шеккендерді қорғау үшін жасалған. Ал жәбірленушіге қол жұм-

сап және денеге зақым келтіргені дәлелденгендер Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-1, 73-2-баптарына сәйкес 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алынады. Бұл баптардағы айыппұл түрлері ескерту берумен алмастырылды. Себебі, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол берген адамға айыппұл салу отбасының бюджетіне айтарлықтай салмақ түсіреді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73, 73-1, 73-2-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жәбірленушінің арызы бойынша ғана қозғалады және әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған адамдар жәбірленуші татуласса және келтірген зиянын жуып-шайса, онда әкімшілік жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Жәбірленушінің кешірім беруімен әкімшілік жауаптылықтан босату әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш рет жасаған жағдайда ғана жол берілуі отбасылық қарым-қатынасты сақтап қалу үшін мүмкіндік бере отырып, келешекте тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталап орын алуының алдын алуға бағытталған, ал зорлық-зомбылық қайта орын алуы ол үшін жазаның бұлтартпастығын білдіреді.

Сонымен қатар, тұрмыстық зорлық-зомбылық түріндегі құқық бұзушылықтар бойынша істі қозғауы жәбірленушінің арызы бойынша ғана емес, құқық бұзушылықтың анықталу фактісі бойынша да істі қозғау туралы заң нормасын енгізу мәселесі қарастырылуды.

Егер отбасында үнемі ұрып-соғу орын алса, тұрмыстық зорлыққа жол берген адамға қатысты ҚК-нің 110-бабы (қинау) қолданылады. Аталған баптың бірінші бөлігіне сәйкес кінәлі тұлға 2 жылға дейін, ал екінші бөлігінде 4 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Заңдағы мұндай тегеурінді тетік отбасының тыныштығын қорғап, ана мен баланың жайлы өмір сүруіне жағдай жасауды көздейді.

Д.ЕРАЛИЕВ,
Қызылорда облысы
Сырдария аудандық сотының судьясы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ АЛУ ПРОЦЕДУРАСЫНДАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Құқықтық статистика органдары 4 түрлі мемлекеттік қызметті көрсетеді: соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама, Әкімшілік құқықбұзушылық туралы анықтама, мұрағат анықтамасы және прокуратура органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің 3 түріне www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, яғни онлайн, үйден шықпай-ақ, «Электрондық үкімет» порталының мобильдік азаматтар базасында тіркеле отырып, тек электронды-сандық қолтаңба ғана бола алады. Мысалы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беруді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) филиалына бармай, яғни бір реттік SMS пароль сервисі арқылы, Telegram-бот мессенджеріне EgovKzBot, «Электрондық үкімет» (Mgov) порталының мобильді нұсқасын іске қосып тапсырыс беруге болады.

Бұл қызметтер үшінші тұлғаларға «Жеке кабинет» және sms-растау арқылы оған қатысты мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі шартымен «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық нысанда ғана көрсетіледі.

Сонымен қатар, бұл жерде еңбек заңнамасына сәйкес білім беру, спорт және т.б. салаларында кәметке толмағандардың қатысуымен жұмысқа орналасуға бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға шектеу қойылғанын ескеру қажет.

Осыған байланысты, осы салалардағы жұмыс берушілер адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту фактісін тексеру үшін белгіленген тәртіппен арнайы талаптар жіберуге тиіс.

Сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы анықтама қағаз түрінде «фирма-

лық бланк» деп аталатын қатаң есептілік бланкісінде мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы шетелге шыққан кезде ғана беріледі.

Сондай-ақ, азаматтар шетелге шығу үшін соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтамаға электрондық сұрау сала алады, мемлекеттік корпорацияның қағаз түрінде жауап алғысы келсе жақын жердегі филиалдың мекенжайын сұрау арқылы ала алады.

Бұрын сұрау салуды міндетті түрде мемлекеттік корпорацияға бару арқылы қағаз нұсқасында ғана жіберуге болатын.

Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтамалар Қылмыстық кодекстің 79, 89-баптарының тәртібінде соттылықтың өтелуін ескере отырып беріледі, яғни, оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы жойылған немесе алынған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазуы бар таза анықтамалар алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жүзінде 5 жұмыс күн ішінде көрсетіледі.

Барлық қызметтер тегін болып табылады, апостильден басқа, оны көрсету үшін 0,5 АЕК көлемінде мемлекеттік баж алынады.

Барлық көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша қызмет беруші ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары болып табылады.

**Алиби АБИТАЛИПОВ,
ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық
статистика және арнайы есепке алу
жөніндегі комитетінің Алматы қаласы
бойынша басқармасы қылмыстық
саладағы ақпаратты қалыптастыру
бөлімінің прокуроры**

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.5.2023 ж. жіберілді. Басуға 20.5.2023 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 9. Таралым 1020.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»